LG
Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

SMART HI-FI аудио жүйесімен саундбар

Құрылғыны іске пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз да, болашақта қарау үшін сақтап қойыңыз.

ҮЛГІ
SK6F (SK6F, SPK5-W)

www.lg.com

Авторлық құқық © 2018 LG Electronics Inc. Барлық құқығы қорғалған.

Қауіпсіздік туралы ақпарат



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУ ҚАУПІН АЗАЙТУ ҮШІН ҚАҚПАҒЫН (НЕМЕСЕ АРТҚЫ ЖАҒЫН), ПАЙДАЛАНУШЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТПЕЙТІН ІШКІ БӨЛІКТЕРІН АШПАҢЫЗ. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ БІЛІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МАМАНДАРЫНА ТАПСЫРЫҢЫЗ.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі жебе белгісі бар осы жай жарқылы адамға электр тогының соғу қаупі бар мәнде болуы мүмкін өнім қабы ішіндегі оқшауланбаған қауіпті кернеу бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.



Тең бұрышты үшбұрыш ішіндегі леп белгісі өніммен бірге берілетін құжаттамада маңызды пайдалану және қызмет көрсету (жөндеу) нұсқаулары бар екенін пайдаланушыға ескертуге арналған.

ЕСКЕРТУ: ӨРТ НЕМЕСЕ ЭЛЕКТР ТОҒЫНЫҢ СОҒУЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН БҰЛ ӨНІМДІ ЖАҢБЫРЛЫ НЕМЕСЕ ЫЛҒАЛ ЖЕРДЕ ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

ЕСКЕРТУ: Бұл жабдықты кітап сөресі немесе соған ұқсас сияқты шектеулі жерге орнатпаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Бұл өнімнің айналасында жоғары вольтты өнімдерді пайдаланбаңыз. (мысалы, электрік шыбын өлтіргіші) Бұл өнім электрік тогының соғуына байланысты дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғыға су тигізбеу керек (төкпен немесе шашпау) және құрылғыға вазалар сияқты су толтырылған заттарды қоймау керек.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Желдетуге арналған саңылауларды жаппаңыз. Өндірушінің нұсқаулығы бойынша орнатыңыз.Корпустағы науалар мен тесіктері желдету үшін қарастырылған және өнімнің тұрақты іскерлігін және қызып кетуден сақтайды. Өнім төсекке, диванға, кілем немесе басқа ұқсас беттерге қойылғанда тесіктері жабылып қалмауға тиіс. Өнімді еш уақытта кітап шкафы немесе сөре сияқты жерлерге дұрыс желдету қамтамасыз етілгенге дейін немесе өндірушінің нұсқауларына сәйкес келгенге дейін орнатпаңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Құрылғыға жанып тұрған шам сияқты ашық жалын көздері қойылмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ: Қауіпсіздік белгілері туралы ақпаратты, соның ішінде өнім идентификациясы мен қуат шығарылымдарын өнімнің төменгі не басқа бетінде орналасқан негізгі затбелгіден қараңыз.

ЕСКЕРТУ: қуат көзінің баусымы

Кабельдің ашасы өшіргіш құрылғы болып табылады. Төтенше жағдай болғанда ол қолжетерлік жерде болуы керек.

Берілген талаптарға сенімді болу үшін құрылғы иесінің техникалық сипаттамалары бар бетін тексеріп алыңыз.

Электр розеткаларын көп жүктемеңіз. Көп жүктелген қабырға розеткалар, әлсіз немесе бүлінген розеткалар, ұзартқыштар, қуат көзінің істен шыққан баусымдары, бүлінген немесе оқшауланбаған сымдар өте қауіпті. Кез-келген аталған жағдайларда электр тоғынан зақым келуі мүмкін немесе жанып кетуі ықтимал. Өзіңіздің құрылғыңыздың желілік сымдарын үнемі тексеріп отырыңыз. Егер де оның сыртқы түрі бүлінген болса немесе істен шықса, онда оны желіден өшіріп тастаңыз, құрылғыны пайдаланбаңыз. Сол істен шыққан баусымдардың қызмет көрсету орталығының тиісті қосалқы бөлігіне ауыстырыңыз. Қуат көзінің баусымдарын оралып қалу, бүгілу, жаншу, басу, есікпен қысып қалу сияқты физикалық және механикалық ықпалдардан сақтаңыз. Құрылғының сыртқы баусымдарының розеткаларына, штепсельге баса назар аударыңыз.

АБАЙ БОЛЫҢЫЗ: Тек осы құрылғымен бірге берілген айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз. Басқа құрылғыны немесе басқа өндірушінің адаптерін қуат көзі ретінде пайдаланбаңыз. Басқа қуат кабелін немесе қуат көзін пайдалану құрылғыға зақым келтіруі және кепілдігіңіздің күшін жоюы мүмкін.

Бұл құрылғы ұтқыр батареямен немесе аккумулятормен қамтамасыз етілген.

Жабдықтағы батареяларды немесе батарея бумасын қауіпсіз алудың жолы: Ескі батареяларды немесе батарея бумасын алу үшін, құрастыру қадамдарын кері ретпен орындаңыз. Қоршаған ортаның ластануына жол бермеу және адамдардың және/немесе жануарлардың денсаулығына қауіп төндірмеу үшін, ескі батареяларды немесе батарея бумасын арнайы жинау пункттеріндегі контейнерге тиісті салу қажет. Батареяларды немесе батарея бумасын басқа қалдықтармен бірге қоқысқа тастауға болмайды. Жергілікті, тегін қайтаруға болатын жүйенің батареяларын немесе батарея бумаларын пайдалануға ұсыныс беріледі (сіздің аймағыңызда қолжетімсіз болуы мүмкін). Батареяларға немесе батарея бумасына күн сәулесі, от немесе осыған ұқсас күшті жылу көздерінің әсерін тигізуге болмайды.

Таңбалар

~	Айнымалы тоқты (АТ) білдіреді.
⎓	Тұрақты тоқты (ТТ) білдіреді.
⧈	II-ші класқа жататын жабдықты білдіреді.
⏻	Күту режимін білдіреді.
I	«ON» (қосулы) режимін білдіреді.
⚡	Қауіпті кернеуді білдіреді.

Мазмұны

1 Бастау

2 Қауіпсіздік туралы ақпарат
6 Негізгі мүмкіндіктер
6 Кіріспе
7 Қашықтан басқару пульті
8 Алдыңғы панель
9 Артқы панель
11 Дыбыс панелін орнату
11 Негізгі құрылғыны қабырғаға орнату

2 Қосылу

13 Кабельдерді орналастыру
13 Айнымалы ток адаптерін қосу
13 Сымсыз сабвуфердің қосылуы
15 Теледидарға қосылу
15 – ОПТИКАЛЫҚ кабельді пайдалану
15 – LG Sound Sync
16 – HDMI кабелін пайдалану
17 – ARC (Дыбысты қайтару арнасы) функциясы
17 – SIMPLINK деген не?
18 – HDMI туралы қосымша ақпарат
19 Қосымша жабдықты жалғау
19 – HDMI қосылымы
19 – OPTICAL IN қосылымы
20 – PORTABLE IN қосылымы
21 – Антеннаны қосу
21 Желі қосылымы
22 – Сымды байланыс
22 – Сымсыз қосылым
23 «LG Wi-Fi Speaker»
23 – «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын орнату
24 Google Assistant көмекшісімен жұмыс істейді

3 Іске қосу

25 Сымсыз Bluetooth технологиясын қолдану
25 – Bluetooth туралы
25 – Bluetooth профильдері
25 – Bluetooth құрылғыңыздан музыка тыңдау
27 – Bluetooth қосылымын құлыптау (BT LOCK)
28 Радио әрекеттері
28 – Радио қабылдағыш тыңдау
28 – Нашар FM қабылдауды жақсарту
28 – Радио станцияларын алды ала реттеу
28 – Сақталған станциялар жойылуда
28 – Барлық сақталған станцияларды жою.
29 Басқа әрекеттер
29 – Теледидардың қашықтан басқару пультін пайдалану
29 – AV Sync
29 – Дыбысты уақытша өшіре тұру
30 – Автоматты дисплей жарығын реттегіш
30 – Кіріс көзі туралы ақпаратты көрсету
30 – Автоматты қуаттың төмендеуі
31 – AUTO POWER (АВТОМАТТЫ ҚУАТ) функциясын қосу/өшіру
32 – Функцияны автоматты түрде өзгерту
33 Дыбысты реттеу
33 – Дыбыстық әсерді орнату
33 – Дыбыс деңгейі автоматты түрде таңдалады
33 – Дыбыс деңгейін реттеу
34 Күту режимі
34 – Күту режимі
34 – Желінің күту режимі
34 – Bluetooth қызметінің күту режимі
34 Динамикті қайта орнату

4 Ақаулықтарды жою

35 Ақаулықтарды жою
35 – Жалпы
36 – Желі
37 – Қолданба
37 – Сымсыз құрылғыны пайдалану бойынша ЕСКЕРТПЕЛЕР
38 – Демо режимін ашу үшін ЖАЗБАЛАР

5 Қосымша

39 Файл талабы
39 Сауда белгілері мен лицензиялар
40 Сипаттамалар
42 Динамикті өңдеу
42 Желілік қызметтерге қатысты маңызды ақпарат
43 ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

Осы нұсқаулықтағы мазмұнның біразы қолданбаның нұсқасына байланысты «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасынан өзгеше болуы мүмкін.

Негізгі мүмкіндіктер

LG Sound Sync

LG Sound Sync құрылғысымен үйлесімді LG TV теледидарының қашықтан басқару құрылғысы арқылы осы құрылғының дыбыс деңгейін басқаруға мүмкіндік береді.

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы

Смарт құрылғыңызда сақталған музыканы ойнатады.

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасымен осы динамикті iPod touch/iPhone немесе Android құрылғысы арқылы басқара аласыз. Осы динамикті және смарт құрылғыны бір желіге қосу қажет. «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын іздеу үшін Apple «App Store» немесе Google «Play Store» дүкеніне кіріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін 24-бетті қараңыз.

- Қолданбасының нұсқасына және смарт құрылғының бағдарламалық құралына байланысты «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы қалыпты жұмыс істемеуі мүмкін.
- Кейбір смарт құрылғылар осы динамикпен үйлесімді болмауы мүмкін.

Bluetooth®

Bluetooth құрылғысында сақталған музыканы ойнатады.

Кіріспе

Осы нұсқаулықта пайдаланылған белгі

Ескертпе

Жұмыс істеу ерекшеліктері мен сипаттамаларына қатысты мағлұматтар бар.

Абай болыңыз

Мүмкін болатын бүлінулердің алдын алуды ескертеді.

Қашықтан басқару пульті



Батареяны алмастыру

Қашықтан басқару пультінің артқы жағындағы батарея қақпағын алып, ⊕ және ⊖ ұштары сәйкес келетіндей батареяны салыңыз.



• • • • • • • • • • • • **1** • • • • • • • • • • • •

⏻ (Күту режимі)**:** Құрылғыны ҚОСАДЫ немесе ӨШІРЕДІ.

VOL (Дыбыс деңгейі) **+/— :** Динамиктің дыбыс деңгейін реттейді.

F (Функция)**:** Функция мен кіріс көзін таңдайды.

Кіріс көзі / Функция	Дисплей
Wi-Fi	WI-FI
Оптикалық ARC LG Sound Sync (сымды)	OPT/HDMI ARC
Bluetooth	BT
LG Sound Sync (сымсыз)	LG TV
HDMI IN	HDMI
Портативті	PORT.
Радио	FM

🔇 (Дыбысты өшіру) **:** Дыбысты өшіреді.

⏮/⏭ (Өткізу) : Алға немесе кері жылдам өткізеді.

TUNING -/+: Радио станцияларын таңдайды.

⏯ (Ойнату/Кідірту) **:** Ойнатуды бастайды. / Ойнатуды кідіртеді.

MEMORY: Радио бағдарламаларын сақтайды.

• • • • • • • • • • • • **2** • • • • • • • • • • • •

SOUND EFFECT : Дыбыс әсерінің режимін таңдайды.

: Әрбір динамиктің дыбыс деңгейін реттейді. (33-бет)

AV SYNC:
- Аудио мен бейнені синхрондайды.
- Теледидарды қашықтан басқарады. (29-бет)

ⓘ:
- Кіріс көзінің ақпаратын көрсетеді.
- **Bluetooth** функциясына жалғанған **Bluetooth** құрылғысының атауын көрсетеді.
- Стерео/Моно дыбысты таңдайды. (28-бет)

AUTO VOL:
- AUTO VOLUME режимін қосады немесе өшіреді.

AUTO POWER:
- AUTO POWER режимін қосады немесе өшіреді. (31-бет)
- **Bluetooth** қосылымын құлыптау функциясын қосады немесе өшіреді. (27-бет)

PRESET: Радио бағдарламасын таңдайды.
DELETE: Сақталған станцияларды жояды.
★ : Түйме қолжетімді емес.

Алдыңғы панель



1 Қашықтық сенсоры

2 Жарық диод индикаторы
Қосылым күйін көрсетеді.

- Ақ (Жыпылықтап тұр): Wi-Fi функциясымен желі байланысының орнатылуы күтілуде
- Ақ (Жанып тұр): Wi-Fi функциясымен орнатылған желі байланысы аяқталды немесе басқа функциялар таңдалды.
- Ақ (Жарығы азайды): Желілік байланысы бар күту режимі.
- Қызыл (Жанып тұр): Желілік байланысы жоқ күту режимі.

3 Дисплей терезесі

4 ⏻ (Күту режимі)
Құрылғыны ҚОСАДЫ немесе ӨШІРЕДІ.

F (Функция)
Функция мен кіріс көзін таңдайды.
(WI-FI, OPT/HDMI ARC, BT, LG TV, HDMI, PORT., FM)

—/+ (Дыбыс деңгейі)

(Wi-Fi)
WI-FI функциясын таңдайды.

Артқы панель



1 **DC IN** (Айнымалы ток адаптерінің кірісі)

2 **OPTICAL IN қосқышы**
Оптикалық құрылғыға жалғаңыз.

3 **PORTABLE IN қосқышы**
Портативті құрылғыны жалғаңыз.

4 **USB (Тек қызмет көрсетуге арналған)**
S/W жүктеу ұяшығы

5 **FM ANTENNA**
Радио антеннасына қосылу.

6 **LAN порты**
Маршруттауышқа қосыңыз.

7 **HDMI IN**
HDMI OUT ұясы бар құрылғыға жалғаңыз.

8 **HDMI OUT (TV ARC)**
Теледидардағы HDMI IN (ARC) ұяшығына қосыңыз.

Құрылғыны пайдалану кезіндегі пайдалы функциялар

Функция	Сипаттама	Күйі	Орындалатын әрекет
Теледидарды қашықтан қосу/өшіру (29-бет)	Бұл осы құрылғының дыбыс деңгейін теледидардың қашықтан басқару пульті, тіпті басқа компанияның өнімі арқылы басқаруға мүмкіндік береді. Бұл функция бастапқыда қосулы күйге орнатылған.	ҚОСУ	Қашықтан басқару пультінде **AV SYNC** түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз, содан кейін бұл түймені қайтадан басыңыз.
		ӨШІРУ	Қашықтан басқару пультінде **AV SYNC** түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз, содан кейін бұл түймені қайтадан басыңыз.
BT құлпын қосу/өшіру (27-бет)	Бұл **Bluetooth** құрылғысына тек **Bluetooth** және LG TV функцияларында қосылуға мүмкіндік береді. Бұл функцияның бастапқы параметрі өшірулі күйіне орнатылған.	ҚОСУ	**Bluetooth** функциясында қашықтан басқару пультінде **AUTO POWER** түймесін шамамен 2 секунд басып тұрыңыз, содан кейін бұл түймені қайтадан басыңыз.
		ӨШІРУ	**Bluetooth** функциясында қашықтан басқару пультінде **AUTO POWER** түймесін шамамен 2 секунд басып тұрыңыз, содан кейін бұл түймені қайтадан басыңыз.
Қуатты автоматты қосу/өшіру (31-бет)	Бұл құрылғыны кіріс сигналдар арқылы автоматты түрде қосуға және өшіруге мүмкіндік береді: Optical, LG TV, **Bluetooth** немесе «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы. Бұл функция бастапқыда қосулы күйге орнатылған.	ҚОСУ	Қашықтан басқару пультінде **AUTO POWER** түймесін басыңыз, содан кейін бұл түймені қайтадан басыңыз.
		ӨШІРУ	Қашықтан басқару пультінде **AUTO POWER** түймесін басыңыз, содан кейін бұл түймені қайтадан басыңыз.
BT күту режимін қосу/өшіру (34-бет)	Бұл құрылғыға **Bluetooth** байланысын сақтай отырып, күту режиміне ауысуға мүмкіндік береді.	ҚОСУ	Дыбыс деңгейін алдын ала минималды деңгейге орнатыңыз. Құрылғыда — түймесін және қашықтан басқару пультінде ⓘ түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз, содан кейін бұл түймені қайтадан басыңыз.
		ӨШІРУ	Дыбыс деңгейін алдын ала минималды деңгейге орнатыңыз. Құрылғыда — түймесін және қашықтан басқару пультінде ⓘ түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз, содан кейін бұл түймені қайтадан басыңыз.
Желіні күту режимін қосу/өшіру (34-бет)	Бұл құрылғының желілік байланысты сақтай отырып, күту режиміне ауысуына мүмкіндік береді.	ҚОСУ	Құрылғыдағы ⏻ немесе қашықтан басқару пультіндегі ⏻ түймешігін басыңыз.
		ӨШІРУ	Қашықтан басқару пультінде ⏻ түймесін немесе қашықтан басқару пультінде ⏻ түймесін шамамен 3 секунд басыңыз.

Дыбыс панелін орнату

Құрылғыға басқа құрылғыны жалғау арқылы дыбысты естуге болады : теледидар, Blu-ray диск ойнатқышы, DVD ойнатқышы, т.б.

Құрылғыны теледидар алдына қойып, оны қажетті құрылғыға жалғаңыз. (15 - 22 беттері)

Сымсыз сабвуферді бөлменің кез келген жеріне қоюға болады. Дегенмен сабвуферді негізгі құрылғы жанына орналастырған абзал. Қабырғаға шағылысуды азайту үшін оны бөлменің ортасына қарай сәл бұрыңыз.



Абай болыңыз

- **Bluetooth** немесе сымсыз сабвуфер секілді сымсыз байланыстың өнімділігін жақсарту үшін құрылғыны металды жиһазға қондырмаңыз, өйткені сымсыз қосылыс құрылғының астыңғы бөлігінде орналасқан модуль арқылы өзара әрекеттеседі.
- Құрылғыны /сабвуферді орнату немесе жылжыту кезінде олардың бетіне сызат түсіруден сақ болыңыз.

Ескертпе

Түйменің ыңғайлы қолданылуы үшін, дыбыс панелін орнатқан кезде дыбыс панелі мен теледидар арасында біраз қашықтық сақтау ұсынылады.

Негізгі құрылғыны қабырғаға орнату

Негізгі құрылғыны қабырғаға орнатуға болады.



Абай болыңыз

Осы құрылғыны орнатқаннан кейін байланыс орнату қиын болғандықтан, кабельдерді орнатудан бұрын жалғаңыз.

Дайындау материалдары



1. Қабырға кронштейнін орнату маршруттауышындағы ТЕЛЕДИДАРДЫҢ ТӨМЕНГІ ШЕТІН теледидардың негізімен үйлестіріңіз және де сол күйде бекітіңіз.



2. Құрылғыны қабырғаға (бетон) орнатқан кезде штепсель ашаларын пайдаланыңыз. Бірнеше тесік жасау қажет болады. Бұрғылау үшін орнату парағы (Қабырға кронштейндерін орнату нұсқаулығы) қамтамасыз етілген. Парақты пайдаланып, бұрғылау нүктесін анықтаңыз.



3. Қабырға кронштейнін орнату маршруттауышын алып тастаңыз.
4. Кронштейнді төмендегі суретте көрсетілгендей бұрандалармен (**A**) бекітіңіз.



Ескертпе

Өнімді бекіту үшін бұрандалар (**A**) мен штепсель ашалары қамтамасыз етілмейді. Орнату үшін Hilti (HUD-1 6 x 30) ілгектерін пайдалануды ұсынамыз.

5. Құрылғыны оның жиегіндегі бұранданың қуыстарымен дәл келетіндей етіп кронштейнге орнатыңыз.



6. Құрылғыны бұрандалармен жақсылап бекітіңіз.



Ескертпе

Құрылғыны бөлшектеу үшін барлық амалдарды кері тәртіппен орындаңыз.

Абай болыңыз

- Бұл құрылғыны төңкеріп орнатпаңыз. Бұл осы құрылғы бөлшектерінің зақымдануына мен пайдаланушының жарақаттануына әкелуі мүмкін.
- Орнатылған құрылғыға асылмаңыз және құрылғыны соққыдан сақтаңыз.
- Құрылғыны түсіп қалмайтындай етіп қабырғаға тұрақты орнатыңыз. Егер құрылғы түсіп кететін болса, ол жарақат алуға не өнімнің бұзылуына алып келуі мүмкін.
- Құрылғы қабырғаға орнатылғанда балалар кез келген қосылған кабельдерін тартып алудың алдын алыңыз, себебі ол түсіп кетуіне себеп болуы мүмкін.

Кабельдерді орналастыру

Сымды сым қамыттарымен топтастыруға болады.

1. Сымдарды сым қамыттарымен төменде көрсетілгендей ұстаңыз.
2. Сым қамыттарын бұраңыз.



Ескертпе

Барлық байланыстарды орнатқаннан кейін кабельдерді қажетінше орналастыра аласыз.

Айнымалы ток адаптерін қосу

Дыбыс панелін қуат көзіне берілген айнымалы ток адаптерімен қосыңыз.

1. Бірге берілген айнымалы ток адаптеріне айнымалы ток қуат сымын қосыңыз.
2. AT адаптер кабелін DC IN адаптер кірісінің сыртқы қуат беру блогына арналған кіріске жалғаңыз.
3. Айнымалы токтың қуат сымын айнымалы ток розеткасына жалғаңыз.



Абай болыңыз

Тек осы құрылғымен ғана берілген айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз. Басқа құрылғы немесе өндірушінің қуат көзін пайдаланбаңыз. Кез келген басқа қуат кабелін немесе қуат көзін пайдаланғанда құрылғы зақымдалып, кепілдік өз күшін жоюы мүмкін.

Сымсыз сабвуфердің қосылуы

Сымсыз сабвуфердің жарық диод индикаторы

Жарық диод түсі	Күйі
Жасыл (Жыпылықтайды)	Қосылу әрекеті орындалуда.
Жасыл	Қосылым орындалды.
Қызыл	Сымсыз сабвуфер күту режимінде немесе қосыла алмады.
Өшірулі (Көрсетілмейді)	Сымсыз сабвуфердің қуат сымы ажыратылған.

Сымсыз сабвуферді алғаш рет орнату

1. Дыбыс панелінің қуат сымын және сымсыз сабвуферді розеткаға жалғаңыз.
2. Дыбыс тақтасын қосыңыз. Дыбыс тақтасы және сабвуфер автоматты түрде қосылады.

Сымсыз сабвуферді қолмен жұптастыру

Қосылым аяқталмаған кезде сымсыз сабвуферде қызыл ЖД шамын және сымсыз сабвуфердің дыбыс шығармайтынын тексеруге болады.Ақаулықты шешу үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Сымсыз сабвуфердің артқы жағындағы **Pairing** түймесін басыңыз.



   - Сымсыз сабвуфердің артындағы жасыл LED жылдам жыпылықтайды. (Жасыл LED жыпылықтамаса, **Pairing** түймесін басып тұрыңыз.)

2. Дыбыс тақтасын қосыңыз.
3. Жұптастыру аяқталды.
   - Сымсыз сабвуфердің артындағы жасыл LED жанады.

Ескертпе

- Негізгі құрылғы мен сабвуфер арасында қосылым бірнеше секунд ішінде (одан көп болуы мүмкін) жасалады.
- Негізгі құрылғы мен сабвуфер жақындаған сайын дыбыстың да сапасы жақсара түседі. Негізгі құрылғы мен сабвуферді мүмкіндігінше жақын орнатуды және төменде көрсетілген жағдайлардан аулақ болуды ұсынамыз.
  - Негізгі құрылғы мен сабвуфер арасында бөгет/ кедергі бар.
  - Берілген сымсыз қосу арқылы сол жиілікті пайдаланатын құрылғылар бар, мысалы медициналық жабдықтар, микротолқынды пештер немесе LAN сымсыз құрылғысы.
  - Сымсыз байланыс кедергісін тудырмау үшін дыбыс тақтасы мен сабвуферді құрылғылардан (мыс. сымсыз роутер, микротолқынды пеш, т.б.) кем дегенде 1 м қашықтықта ұстаңыз.



Теледидарға қосылу

Теледидардың орналасуына сәйкес оптикалық сандық кабельді немесе HDMI кабелін пайдалану арқылы осы құрылғыны және теледидарды қосыңыз.

ОПТИКАЛЫҚ кабельді пайдалану

1. OPTICAL IN деп белгіленген құрылғының артқы жағындағы ұяшықты теледидардағы OPTICAL OUT ұяшығына ОПТИКАЛЫҚ сымды пайдаланып қосыңыз.



2. Қашықтан басқару пультінде немесе құралда **F** түймесін қайталап басу арқылы кіріс көзін OPT/HDMI ARC етіп таңдаңыз.

   Осы құрал мен теледидарды дұрыс қосқан жағдайда дисплей терезесінде «OPT» хабарын көруге болады.

Ескертпе

- Оптикалық кабельді жалғау алдында, кабелде қақпақ бар болса, қорғаныс айыр қақпағын міндетті түрде алып тастаңыз.
- Сіз бұл құрылғының динамиктері арқылы теледидардың дауысын тамашалай аласыз. Кейбір теледидар үлгілері жағдайында теледидар мәзірінен сыртқы динамик опциясын таңдау қажет болады. (Қосымша мәлімет үшін теледидар бойынша пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)
- Теледидардың дыбыстық шығысын осы құрылғы арқылы дыбысты тыңдауға болатындай етіп орнатыңыз : Теледидар параметрлері мәзірі → [Sound] → [TV Sound output] → [External speaker (Optical)]

Ескертпе

- Теледидар параметрі мәзірінің мәліметтері теледидар өндірушілеріне немесе үлгілеріне байланысты өзгеруі мүмкін.
- Құрал бір уақытта OPTICAL және ARC арқылы қосылған болса, ARC сигналы жоғары басымдыққа ие болады.

LG Sound Sync

Sound Sync Wireless

Осы құрылғыдағы кейбір функцияларды LG Sound Sync құрылғысы арқылы теледидардың қашықтан басқару пультінің көмегімен басқаруға болады. Бұл LG Sound Sync құрылғысын қолданатын LG теледидарымен үйлесімді. Теледидарыңызда LG Sound Sync логотипі бар екендігіне көз жеткізіңіз.

LG TV теледидарының қашықтан басқаруда пультімен басқарылатын функциялары : дыбыс деңгейін көтеру/азайту, дыбысты өшіру

LG Sound Sync туралы мағлұматтармен танысу үшін теледидар нұсқаулығын қараңыз.

Жабдыққа байланысты келесі байланыстардың бірін орындаңыз.

Ескертпе

- Сіз LG Sound Sync құрылғысын пайдаланумен қатар, осы құрылғыдағы қашық басқаруды қолдана аласыз. Егер теледидардың қашық басқаруын қайта қолдансаңыз, онда құрылғы теледидармен синхрондалынады. Теледидардың техникалық сипаттамаларына сай бұл құрылғының дыбыс деңгейі және дыбысын өшіру теледидармен синхрондалады.
- Қосылым орындалмаған жағдайда теледидар және қуат күйін тексеріңіз.
- Осы құрылғының күйі мен LG Sound Sync құрылғысын пайдалану барысындағы төменде келтірілген жағдайларды тексеріңіз.
  - Құрал өшіріледі.
  - Функцияны басқасына ауыстыру.
  - Оптикалық кабельді ажырату

Ескертпе

- Осы құрылғыны өшіруге қажетті уақыт шамасы теледидарыңызға байланысты AUTO POWER функциясын ON күйіне орнатқанда өзгешеленеді.

Сымды байланыс бар LG Sound Sync

1. LG TV теледидарын оптикалық кабель көмегімен құрылғыға жалғаңыз.



2. Теледидардың дыбыстық шығысын осы құрылғы арқылы дыбысты тыңдауға болатындай етіп орнатыңыз :Теледидар параметрлері мәзірі → [Sound] → [TV Sound output] → [LG Sound Sync (Optical)]
3. Құралды қашықтан басқару пультінде ⏻ түймесін немесе құралда ⏻ түймесін басу арқылы қосыңыз.
4. Функция таңдалып алғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **F** немесе құрылғыдағы **F** түймесін пайдаланып, OPT/HDMI ARC функциясын таңдаңыз.

   Осы құрылғы мен теледидарды дұрыс қосқан жағдайда дисплей терезесінде «LGOPT» хабары көрінеді.

Ескертпе

Теледидарды баптау мәзірі туралы мәліметтер теледидардың үлгілеріне байланысты әр түрлі болады.

Сымсыз байланыс бар LG Sound Sync

1. Құралды қашықтан басқару пультінде ⏻ түймесін немесе құралда ⏻ түймесін басу арқылы қосыңыз.
2. Функция таңдалып алғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **F** немесе құрылғыдағы **F** түймесін пайдаланып, LG TV функциясын таңдаңыз.
3. LG Sound Sync (Сымсыз) құрылғысын теледидарға орнатыңыз. Теледидар нұсқаулығын қараңыз.

   Дисплей терезесінде «PAIRED» хабары 3 секунд шамасында пайда болады және содан кейін, егер осы құрылғы мен теледидар дұрыс қосылған жағдайда дисплей терезесінде «LG TV» хабары көрінеді.

Ескертпе

- Құрылғыны ⏻ (Қуат) түймесін басу арқылы тікелей қосқан болсаңыз, LG Sound Sync (сымсыз) құрылғысы ажыратылады.
- Теледидар мен осы құрал LG Sound Sync (сымсыз) арқылы қосылған болса, құрал өшірулі болған кезде желі қосылымының күйіне қарамастан, бұл құрал Желінің күту режимінде болады. Құралдағы сөнген ақ ЖД шамын тексеріңіз.

HDMI кабелін пайдалану

Құрылғыны HDMI CEC және ARC (Дыбысты қайтару арнасы) функцияларын қолданатын теледидарға қосқан жағдайда теледидар дыбысын оптикалық кабельді жалғаусыз динамиктер арқылы естуге болады.

1. HDMI кабелі арқылы құрылғының артқы жағындағы HDMI OUT (TV ARC) ұясын теледидардағы ARC ұясымен қосыңыз.



2. Қашықтан басқару пультінде немесе құралда **F** түймесін қайталап басу арқылы кіріс көзін OPT/HDMI ARC етіп таңдаңыз.

   Осы құрал мен теледидарды дұрыс қосқан жағдайда дисплей терезесінде «ARC» хабарын көруге болады.

Ескертпе

- Сіз бұл құрылғының динамиктері арқылы теледидардың дауысын тамашалай аласыз. Кейбір теледидар үлгілері жағдайында теледидар мәзірінен сыртқы динамик опциясын таңдау қажет болады. (Қосымша мәлімет үшін теледидар бойынша пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.)
- Теледидардың дыбыстық шығысын осы құрылғы арқылы дыбысты тыңдауға болатындай етіп орнатыңыз : Теледидар параметрлері мәзірі → [Sound] → [TV Sound output] → [External speaker (HDMI ARC)]
- Теледидар параметрі мәзірінің мәліметтері теледидар өндірушілеріне немесе үлгілеріне байланысты өзгеруі мүмкін.
- LG теледидарының үлгісіне байланысты LG теледидарында SIMPLINK функциясын қосу керек болуы мүмкін.
- Басқа функциядан ARC функциясына қайта оралғанда, кіріс көзінен OPT/HDMI ARC функциясын таңдау қажет. Содан кейін осы құрал ARC функциясына автоматты түрде қайта оралады.

ARC (Дыбысты қайтару арнасы) функциясы

ARC функциясы HDMI үйлесімді теледидарды аудио ағынын осы құрылғының HDMI OUT ұяшығына жіберуге мүмкіндік береді.

Бұл функцияны пайдалану үшін :

- Теледидар HDMI-CEC және ARC функцияларына қолдау көрсетуі тиіс, HDMI-CEC және ARC қосулы күйіне орнатылуы тиіс.
- HDMI-CEC және ARC функцияларын орнату әдісі теледидарға байланысты өзгеше болуы мүмкін. ARC функциясы туралы мәлімет алу үшін теледидар нұсқаулығын қараңыз.
- HDMI кабелін пайдалануыңыз қажет (A түрі, Ethernet бар жоғары жылдамдықты HDMI™ кабелі).
- HDMI кабелін пайдаланып, құрылғының HDMI OUT ұяшығын ARC функциясына қолдау көрсететін теледидардың HDMI IN ұяшығына жалғауыңыз қажет.
- ARC функциясына қолдау көрсететін теледидарға тек бір ғана дыбыс панелін жалғай аласыз.

SIMPLINK деген не?

Осы құрылғы мен SIMPLINK мүмкіндігі бар LG TV теледидары HDMI қосылымы арқылы жалғанған кезде, осы құрылғының кейбір функцияларын теледидардың қашықтан басқару пультімен басқаруға болады.

LG TV теледидарының қашықтан басқаруға болатын функциялары : Қуатты қосу/өшіру, дыбысты арттыру/азайту, т.б.

SIMPLINK функциясына қатысты мәлімет алу үшін теледидардың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

SIMPLINK функциясы бар LG TV теледидарында жоғарыда көрсетілген логотип болады.

Ескертпе

- Құрылғының күйіне байланысты, кейбір SIMPLINK операциялары мақсатыңыздан өзгеше болуы немесе жұмыс істемеуі мүмкін.
- Осы блокпен бірге қосылатын теледидарға немесе ойнатқышқа қарай SIMPLINK амал Сіздің мақсатыңыздан ерекшеленуі мүмкін

HDMI туралы қосымша ақпарат

- HDMI немесе DVI үйлесімді құрылғысын қосу кезінде төмендегілерді тексеріңіз:
  - HDMI/DVI құрылғысын және осы ойнатқышты өшіріп көріңіз. Содан кейін HDMI/DVI құрылғысын қосып, оны 30 секундтан астам уақытқа қалдырыңыз, содан кейін осы ойнатқышты қосыңыз.
  - Жалғанған құрылғыдағы бейне кіріс осы құрылғы үшін дұрыс орнатылған.
  - Жалғанған құрылғы 720 x 576p (немесе 480p), 1280 x 720p, 1920 x 1080i, 1920 x 1080p бейне кірісімен үйлесімді.
- Осы ойнатқышпен барлық HDCP протоколымен үйлесімді HDMI немесе DVI құрылғылары жұмыс істемейді.
  - HDCP емес құрылғыда сурет дұрыс көрсетілмейді.

Ескертпе

- Егер қосылған HDMI құрылғы ойнатқыштың аудио шығысын қабылдамаса, HDMI құрылғының аудио дыбысы бұрмалануы немесе шықпауы мүмкін.
- Қосылым орнатылғаннан кейін ажыратымдылықты өзгерту бұзылуға себеп болуы мүмкін. Ақаулықты шешу үшін құрылғыны өшіріп, қайтадан қосыңыз.
- HDCP бар HDMI қосылымы тексерілмегенде, теледидар экраны қараға өзгертіледі. Бұл жағдайда, HDMI қосылымын тексеріңіз немесе HDMI кабелін ажыратыңыз.
- Егер экранда шулар немесе жолақтар болса, HDMI кабельді тексеріңіз (ұзындық әдетте 4,5 м-мен шектеледі).
- Бейне шығысты HDMI режимінде өзгерте алмайсыз. Жалғанған құраластың бейне ажыратылымдығын өзгертіңіз.
- Компьютеріңіз HDMI IN ұяшығына жалғанғанда бейне шығару сигналы дұрыс жұмыс істемесе, компьютеріңіздің ажыратымдылығын 576p (немесе 480p), 720p, 1080i немесе 1080p өлшемдеріне өзгертіңіз.

HDMI кабелін басқару тізімі

Кейбір HDMI кабелі нашар сигнал беруі мүмкін, нәтижесінде аудио және видеолардың хабарында мәселелер туындауы мүмкін.

Тіпті HDMI кабелін қосқаннан кейін де, дыбыс шықпай, дыбыс үзіліп, дыбыс панелінен шу естіліп және/немесе видео болмаса, ТД-да бірқалыпты бейне көрінбесе, HDMI кабелінде ақаулар болуы мүмкін.

Жоғары сапалы HDMI-мен сертификатталған логотиппен белгіленген кабельді пайдаланыңыз. Сондай-ақ, қолданылатын кабель A типті болғанына, HDMI™ жоғары жылдамдықтағы Ethernet кабелі екендігіне көз жеткізіңіз.



HDMI кабелі арқылы байланыс*

HDMI кабелі арқылы аудио жүйесінде нақты уақыттағы трансляциядан лөззат алу үшін теледидар ең жаңа HDMI (HDMI CEC[1]) / ARC (Дыбысты қайтару арнасы) мүмкіндіктеріне қолдау көрсетуі қажет. Теледидар HDMI мүмкіндіктеріне қолдау көрсеткен кезден басқа жағдайларда аудио жүйесі ОПТИКАЛЫҚ кабель арқылы жалғанған болуы қажет.

1) HDMI CEC (айқындығы жоғары деңгейдегі мультимедияға арналған интерфейстің қашықтан басқару протоколы)

Қашықтан басқару протоколы (CEC) - олардың қашықтан басқару құралдарының тек біреуінің ғана көмегімен HDMI арқылы қосылатын, CEC қолдауы бар құрылғыларға пайдаланушының пәрмендер беруіне және оларды басқаруына мүмкіндік беретін HDMI функциясы болып табылады.

* CEC үшін сауда атаулары - SimpLink (LG) , Anynet+ (Samsung), BRAVIA Sync (Sony), EasyLink (Philips) және т.б.

Қосымша жабдықты жалғау

HDMI қосылымы

Сіз осы құрылғының HDMI IN ұяшығы арқылы қосылған сыртқы құрылғыдан шыққан дыбыстардан ләззат ала аласыз.



Blu-ray диск ойнатқышына, DVD ойнатқышына, т.б.

1. Құрылғының артындағы HDMI IN ұяшығын Blu-ray диск ойнатқышы, DVD ойнатқышы, т.б. сияқты аудио құрылғысындағы HDMI OUT ұяшығына жалғаңыз.
2. Кіріс көзін HDMI режиміне орнатыңыз. Функция таңдалғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **F** немесе құрылғыдағы **F** түймесін басыңыз.

OPTICAL IN қосылымы

Сыртқы құрылғының оптикалық шығыс ұяшығын OPTICAL IN ұяшығына қосыңыз.



1. Құралдың артқы жағындағы OPTICAL IN ұясын сыртқы құрылғының optical out ұясына жалғаңыз.
2. Қашықтан басқару пультінде немесе құралда **F** түймесін қайталап басу арқылы кіріс көзін OPT/HDMI ARC етіп таңдаңыз.

   Осы құрал мен құрылғыңызды дұрыс қосқан жағдайда дисплей терезесінде «OPT» хабарын көруге болады.

Ескертпе

Оптикалық кабельді жалғау алдында, кабелде қақпақ бар болса, қорғаныс айыр қақпағын міндетті түрде алып тастаңыз.

PORTABLE IN қосылымы



Портативті ойнатқыштағы музыканы тыңдау

Құрылғыны көптеген түрдегі портативті ойнатқыштар немесе сыртқы құрылғылардан музыка ойнату үшін пайдалануға болады.

1. Портативті құрылғыны құрылғының PORTABLE IN қосқышына жалғаңыз.
2. ⏻ (Қосу) түймесін басып құрылғыны іске қосыңыз.
3. Функция таңдалып алғанға дейін қашықтан басқару пультіндегі **F** немесе құрылғыдағы **F** түймесін басып, PORT. функциясын таңдаңыз.
4. Портативті ойнатқышты не сыртқы құрылғыны қосып, ойнатуды бастаңыз.

Қосымша құрылғының қосылуы

Сіз сыртқы құрылғы байланысынан шыққан дыбыстарды естіп, бейнелерді тамашалай аласыз.



1. Теледидарыңыздың HDMI IN жалғағышын сыртқы құрылғының HDMI OUT жалғағышына, яғни Blu-ray диск ойнатқышы, DVD ойнатқышын және тағы басқаға қосыңыз,
2. Құрылғының OPTICAL IN жалғағышын OPTICAL кабелі арқылы теледидардың артқы жағындағы OPTICAL OUT жалғағышына қосыңыз.

   Немесе құрылғының артқы жағындағы HDMI OUT (TV ARC) жалғағышын HDMI кабелі арқылы теледидардың HDMI IN (ARC) жалғағышына қосыңыз.
3. OPT/HDMI ARC кіріс сигналының көзін орнатыңыз. Қашықтан басқару пультінде **F**-ті қайталап басыңыз немесе аппаратта **F**-ті функция таңдалғанша басыңыз.

Ескертпе

Егер дыбыс панелінен дыбыс шықпаса немесе теледидардан видео бірқалыпты болмаса, HDMI кабеліне байланысты ақаулар болуы мүмкін. HDMI кабелінің бақылау тізіміне қараңыз. (18-шы бет)

Антеннаны қосу

Радио тыңдау үшін жиынтыққа кіретін антеннаны жалғаңыз.



Ескертпе

FM сымды антеннасын қосқаннан кейін оны толығымен созыңыз.

Желі қосылымы

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасымен желіге және смарт құрылғыңызға қосылу арқылы осы дыбыстық тақтаның әртүрлі функцияларын пайдалана аласыз.

Желілік ортаны ескере отырып қосылу әдісін таңдаңыз.

Ескертпе

IPv4 және IPv6 протоколдарының екеуін де қолдайтын желілік ортада (маршруттауыш, интернет және интернет қызметін жеткізуші) желіге қосылғанда желі IPv4 немесе IPv6 протоколы арқылы автоматты түрде қосылады.
Әрбір желінің күйін «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасында My Speakers параметрлерін ([Settings]>[IP Info.]) таңдау арқылы тексеруге болады.

Сымды байланыс

Сымды желіні пайдалану үздік өнімділікті береді, өйткені жалғанған құрылғылар тікелей желіге радио жиілік кедергісінің әсерінсіз қосылады.

LAN кабелін пайдалану арқылы дыбыстық тақтаны үй маршруттауышына қосыңыз.



Сымсыз қосылым



Динамик пен смарт құрылғы арасында сымды байланыс қолжетімсіз болса, оны сымсыз қоса аласыз.

Дыбыстық тақтаны желіге сымсыз қосу үшін «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы керек.

Смарт құрылғыңызда «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын жүктеп алып, орнатыңыз. Дыбыстық тақтаны сымсыз қосу үшін қолданбаны іске қосып, смарт құрылғыңыздың экранындағы нұсқауларды орындаңыз.

«LG Wi-Fi Speaker»

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы осы дыбыстық тақтаның әртүрлі функцияларын смарт құрылғы арқылы пайдалануға мүмкіндік береді:

Құрылғыңыздағы және үй желілік серверіндегі музыканы тыңдау

Сіз смарт құрылғыңыздағы және үй желілік серверіңіздегі музыканы тыңдай аласыз.

Кірістірілген Chromecast құрылғысын пайдалану

Chromecast қолдайтын қолданбалармен осы дыбыстық тақта арқылы музыка тыңдай аласыз.

Дыбыстық тақтаны реттеу және басқару

Сіз тіпті қашықтан басқару пультінсіз де дыбыстық тақта параметрлерін басқара және дыбыстық тақтаны басқара аласыз.

Дыбыстық тақтаны жаңарту

Дыбыстық тақтаны соңғы нұсқаға жаңартуға болады.

Талаптар

- **Сымсыз маршруттауыш** интернетке қосылуы тиіс.
- Смартфон немесе планшет сияқты **смарт құрылғыны** сымсыз маршруттауышқа Wi-Fi байланысы арқылы қосу керек.

Ескертпе

«LG Wi-Fi динамигі» жайлы қосымша ақпаратты қолданбаның нұсқауларын орындап немесе «LG Wi-Fi динамигі» иесінің нұсқаулығына өтіп қараңыз.

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын орнату

Apple App Store немесе Google Play Store арқылы

1. Apple App Store белгішесін немесе Google Play Store белгішесін басыңыз.
2. Іздеу жолағында «LG Wi-Fi Speaker» деп теріп, «Іздеу» түймесін түртіңіз.
3. Жүктеп алу үшін іздеу нәтижелерінің тізімінде «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын таңдаңыз.

Ескертпе

- «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы келесі бағдарламалық құрал нұсқасында қолжетімді болады:
  Android OS: 5.0 нұсқасы (немесе одан кейінгі нұсқа)
  iOS: 10 нұсқасы (немесе одан кейінгі нұсқа)
- Құрылғыға байланысты «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы жұмыс істемеуі мүмкін.

Google Assistant көмекшісімен жұмыс істейді

Бұл құрылғы Google Assistant көмекшісімен жұмыс істейді. Бұл құрылғының кейбір функцияларын басқара аласыз: Музыканы ойнату және тоқтату және дыбыс деңгейін басқарыңыз.

Талаптары

- Google Assistant кірістірілген құрылғы (бөлек сатылады)
- Бұл құрылғыны Интернетке қосылуы керек.
- Бұл құрылғы [Google Home] қолданбасында тіркелуі тиіс.

Сымсыз Bluetooth технологиясын қолдану

Bluetooth туралы

Bluetooth - қысқа ауқымды байланысқа арналған сымсыз байланыс технологиясы.

Байланыс басқа электронды толқынмен шатасқан кезде немесе **Bluetooth** құрылғысын басқа бөлмелерде қосқан кезде дыбыс үзілуі мүмкін.

Bluetooth сымсыз технологиясы арқылы жеке құрылғыларды қосу үшін ешқандай төлем алынбайды. Байланыс **Bluetooth** сымсыз технологиясы арқылы жасалған болса, **Bluetooth** сымсыз технологиясымен ұялы телефонды Cascade арқылы басқаруға болады.

- Қолжетімді құрылғылар : Смартфон, MP3 плейері, ноутбук, т.б.
- Version: 4.0
- Codec: SBC, AAC

Bluetooth профильдері

Bluetooth сымсыз технологиясын пайдалану үшін құрылғылар белгілі профильдерді таратуы тиіс. Бұл динамик келесі профильмен үйлеседі.

A2DP (Кеңейтілген аудио тарату профилі)

Bluetooth құрылғыңыздан музыка тыңдау

Жұптастыру процедурасын бастамас бұрын смарт құрылғыңызда **Bluetooth** мүмкіндігі қосулы екеніне көз жеткізіңіз. **Bluetooth** құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Жұптастыру әрекеті орындалғаннан кейін, оны қайталау қажет емес.

1. Қашықтан басқару пультіндегі **F** түймесі немесе құрылғыдағы **F** түймесін функция таңдалғанша басып, **Bluetooth** функциясын таңдаңыз.
   Дисплей терезесінде «BT», содан кейін «READY» хабары шығады.
2. **Bluetooth** құрылғысын пайдаланып, қосақтау әрекетін орындаңыз. Осы динамикті **Bluetooth** құрылғысында іздеген кезде, табылған құрылғылардың тізімі **Bluetooth** құрылғысының түріне байланысты **Bluetooth** құрылғысының дисплейінде пайда болуы мүмкін. Динамик атауы мынадай түрде пайда болады: «LG SK6F(XX:XX)».
3. «LG SK6F(XX:XX)» опциясын таңдаңыз.

Ескертпе

- XX:XX мекенжайдың соңғы төрт санын білдіреді. Мысалы, құралыңызда 20:C3:8F:C9:**31:55** сияқты MAC мекенжайы болса, **Bluetooth** құрылғысында «LG SK6F (31:55)» жазуын көресіз.
- **Bluetooth** құрылғысының түріне байланысты, кейбір құрылғылардың әр түрлі қосақтау жолдары болады. Қажетінше PIN кодын (0000) енгізіңіз.

4. Осы құрал **Bluetooth** құрылғысына сәтті қосылғанда, дисплей терезесінде «PAIRED» → құрылғы атауы → «BT» пайда болады.

Ескертпе

- Құралда құрылғының атын көрсету мүмкін емес, «-» белгісі көрсетіледі.
- Жалғанған құрылғының атауын тексеру үшін, қашықтан басқару пультіндегі ⓘ түймесін басыңыз. Жалғанған **Bluetooth** құрылғысының атауы көрсетіледі.

5. Музыканы тыңдау.

Bluetooth құрылғысында музыканы ойнату үшін **Bluetooth** құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

Bluetooth құрылғыңыздың дыбыс деңгейіне бойынша **Bluetooth** дыбыс деңгейі бапталады.

Ескертпе

- **Bluetooth** технологиясын пайдаланған кезде құрылғы мен **Bluetooth** құрылғысының арасындағы байланысты барынша жақын етіп және қашықтықты сақтауыңыз керек. Бірақ төмендегідей жағдайда ол жақсы жұмыс істемеуі мүмкін :
  - Құрылғы мен **Bluetooth** құрылғысының арасында бөгет бар.
  - **Bluetooth** технологиясымен бірдей жиілікті пайдаланатын медициналық жабдық, микротолқынды пеш не LAN құрылғысы сияқты құрылғы бар.

Ескертпе

- Бұл құрылғы **Bluetooth** автоматты түйіндесуді қолдайды. Дегенмен терезе төменде көрсетілген жағдайларда қолданылмайды:
  - Құрылғыны іске қайта қосқан кезде.
  - Құрылғыны өзіңіз ажыратқан кезде.
  - Құрылғыны жалғанған **Bluetooth** құрылғысынан ажыратқан кезде.
- Байланыс басқа электронды толқынмен шатасқан кезде дыбыс үзілуі мүмкін.
- **Bluetooth** құрылғысын осы құрылғыға қосу мүмкін емес.
- Жұптастыру бір **Bluetooth** құрылғысымен шектелген. Бірнеше құрылғымен жұптастыруға қолдау көрсетілмейді.
- Құрылғы түріне байланысты **Bluetooth** функциясын пайдалана алмайсыз.
- **Bluetooth** функциясын телефон, MP3, жазу кітапшасы, т.б. функцияларды пайдаланған кезде пайдалана аласыз.
- Құрылғы мен **Bluetooth** құрылғысының арасында қашықтық неғұрлым үлкен болса, дыбыс сапасы соғұрлым төмен болады.
- Құрылғы өшірілгенде және **Bluetooth** құрылғысы құрылғыдан алыс тұрғанда **Bluetooth** байланысы ажыратылады.
- **Bluetooth** қосылымы үзілсе, **Bluetooth** құрылғысын қайта қосыңыз.
- **Bluetooth** құрылғысы қосылмаған болса, дисплей терезесінде «READY» жазуы пайда болады.
- Егер Wi-Fi функциясы қосылмаған желі күйінде орнатылса, **Bluetooth** және Сымсыз TV Sound Sync функциялары қосылмауы мүмкін.
- **Bluetooth** құрылғысын қосқаннан кейін басқа функцияға ауыстырсаңыз, **Bluetooth** қосылымы ажырайды. **Bluetooth** функциясына қайта оралсаңыз, **Bluetooth** қосылымы автоматты түрде ажыратылады.

Bluetooth қосылымын құлыптау (BT LOCK)

Bluetooth қосылымын тек BT (**Bluetooth**) қызметіне қосылатын етіп және қарастырылмаған **Bluetooth** қосылымының алдын алу үшін, LG TV функциясын шектеуге болады.

Осы функцияны қосу үшін, BT (**Bluetooth**) функциясында **AUTO POWER** түймесін шамамен 2 секундқа басып тұрыңыз және «OFF - BT LOCK» параметріне айналдырылған кезде оны қайталап басыңыз. Содан соң **Bluetooth** қосылымын шектей аласыз.

Осы функцияны өшіру үшін, BT (**Bluetooth**) функциясында **AUTO POWER** түймесін шамамен 2 секундқа басып тұрыңыз және «ON - BT LOCK» параметріне айналдырылған кезде оны қайталап басыңыз.

Ескертпе

BT LOCK функциясы Қосу қалпында тұрғанда, бұл дыбыс құрылғыны Қуатты автоматты қосу функциясымен қосылады. Бұған жол бермеу үшін Қуатты автоматты қосу функциясын сөндіріңіз. (31-бет)

Радио әрекеттері

FM антеннасының жалғанғанына көз жеткізіңіз. (21-бет)

Радио қабылдағыш тыңдау

1. Қашықтан басқару пультінде **F** пернесін дисплей терезесінде FM пайда болғанша басыңыз.
   Соңғы қабылданған станция реттелген.
2. Автоматты реттеу :
   Жиілік индикациясы өзгергенше қашықтан басқару құралындағы **TUNING -/+** түймесін басып, ұстап тұрыңыз да, босатыңыз. Блок станцияға реттелгенде іздеу тоқтайды.

   Немесе

   Қолмен реттеу :
   Қашықтан басқару пультінде **TUNING -/+** қайталап басыңыз.
3. Дыбысын қашықтан басқару пультіндегі **VOL** (Дыбыс) +/— түймесін немесе құрылғыдағы —/+ (Дыбыс) түймесін басып, реттеңіз.

Нашар FM қабылдауды жақсарту

Қашықтан басқару пультіндегі ⓘ түймесін басып ұстап тұрыңыз. Стерео немесе моно таңдау үшін ⓘ түймесін қайта басыңыз. Бұл баптағышты стерео режимінен моно режиміне ауыстырып, әдетте сигнал қабылдауды жақсартады.

Радио станцияларын алды ала реттеу

FM үшін 10 станцияны алдын ала орнатуға болады.
Тюнарды бастамас бұрын, дыбыс деңгейін төмендетіңіз.

1. **F** пернесін басып, дисплейде FM пайда болғанша ұстап тұрыңыз.
2. Қажетті жиілікті қашықтан басқару пультіндегі **TUNING -/+** түймесін басып таңдаңыз.
3. Press **MEMORY** on the remote control. Алдын ала реттелген сан дисплей әйнегінде жыпылықтайды.
4. Қашықтан басқару пультіндегі **MEMORY** түймесін қайтадан басыңыз. Станция сақталды.
5. Басқа станцияларды сақтау үшін 2–ден 4-ші қадамға дейін қайталаңыз.
6. Орнатылған радиостанцияны тыңдау үшін қашықтан басқару пультіндегі **PRESET** түймесін басыңыз.

Сақталған станциялар жойылуда

1. Сіз жойғыңыз келетін алдын-ала орнатылған нөмірді таңдау үшін қашықтан басқару пультіндегі **PRESET** түймесін басыңыз.
2. Қашықтан басқару пультіндегі **DELETE** түймесін бассаңыз, дисплей терезесінде “DEL P(нөмір)?” жазуы шығады.
3. Қашықтан басқару пультіндегі DELETE тағы бір рет бассаңыз алдын ала орнатылған нөмір жойылады.

Барлық сақталған станцияларды жою.

1. Қашықтан басқару пультіндегі **DELETE** түймесін басып, шамамен екі секунд ұстаңыз. Құрылғы дисплейінде “DEL ALL?” жазуы жыпылықтайды.
2. Сақталған радиостанцияларды өшіру үшін, қашықтан басқару пультіндегі **DELETE** түймесін басыңыз. Құрылғы дисплейінде “DELETED ALL” деген жазу пайда болады.

Басқа әрекеттер

Теледидардың қашықтан басқару пультін пайдалану

Осы құралдың кейбір функцияларын тіпті басқа компанияның өніміндегі ТД қашықтан басқару пульті арқылы басқара аласыз. Басқарылатын функцияларға дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету және дыбысты өшіру жатады.

Қашықтан басқару пультіндегі **AV SYNC** түймесін шамамен 3 секунд басып тұрыңыз. «ON - TV REMOTE» жазуы көрсетіледі және осы құралды ТД қашықтан басқару пульті арқылы басқара аласыз.

Функция күйін тексеру үшін **AV SYNC** түймесін басып, ұстап тұрыңыз.

Бұл функцияны өшіру үшін **AV SYNC** түймесін басып, ұстап тұрыңыз да, «ON - TV REMOTE» жазуы жылжып жатқан кезде тағы бір рет басыңыз.

Ескертпе

- Қолдау көрсетілген теледидар брендтері

LG	Panasonic	Philips	Samsung
Sharp	Sony	Toshiba	Vizio

- Теледидарыңыздың дыбыс шығарылымы [External speaker] параметріне орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтан басқару пультіне байланысты бұл функция жақсы жұмыс істемеуі мүмкін.
- Бұл функция LG TV көп функциялы қашықтан басқару пультінде жұмыс істемейді.
- Бұл функция HDMI CEC, SIMPLINK және LG Sound Sync сияқты кейбір теледидарды қашықтан басқару функциялары ON күйіне орнатылған жағдайда жұмыс істемеуі мүмкін.
- Кейбір қашықтан басқару пульттеріне қолдау көрсетілмеуі мүмкін.
- Кейбір қашықтан басқару пульттері дыбыс деңгейі түймесі бірнеше рет басылған жағдайда жұмыс істемей қалуы мүмкін.

AV Sync

Дыбыстық тақтаның дыбысы мен теледидар кескіндері арасында сәйкессіздіктер орын алуы мүмкін.
Осы жағдайда, осы функция кідіріс уақытын реттей алады.

1. **AV SYNC** түймесін басыңыз.
2. Уақытты басқару үшін ⏮/⏭ опциясын пайдаланыңыз. Уақытты 0-300 мс арасында орнатуға болады.

Дыбысты уақытша өшіре тұру

Құрылғының дыбысын өшіру үшін 🔇 (Дыбысты өшіру) түймесін басыңыз.

Дыбысты, мысалы, телефонға жауап беру үшін өшіре тұруға болады. Дисплей терезесінде «MUTE» белгісі көрсетіледі.

Оны жою үшін, қашықтан басқару пультінде қайтадан 🔇 (Дыбысты өшіру) түймесін қайта басыңыз не дыбыс деңгейін өзгертіңіз.

Автоматты дисплей жарығын реттегіш

15 секундта ешқандай енгізілім жасалмаса, дисплей терезесі автоматты түрде көмескіленеді.

Кез келген түймені басқан кезде, дисплей терезесі жарық болады.

Кіріс көзі туралы ақпаратты көрсету

ⓘ түймесінің көмегімен кіріс көзінің әр түрлі ақпараттарын көрсете аласыз.

OPT/ARC/HDMI/PORT.: Аудиоформат

BT (**Bluetooth**) : Қосылған **Bluetooth** құрылғысының атауы

Автоматты қуаттың төмендеуі

Негізгі құрылғы сыртқы құрылғыға қосылмағанда және 15 минут бойы пайдаланылмаған жағдайда, бұл құрылғы электр қуатын үнемдеу үшін өзі өшіріледі.

Сондай-ақ ол негізгі құрылғы портативті кіріс арқылы құрылғы жалғанған болса, алты сағаттан кейін өшеді.

Желі қосылған кезде, динамик желілік күту режиміне ауысады. Содан кейін құрылғыдағы жарық диод индикаторы ақ түспен күңгірттенеді.

Желі ажыратылған кезде, динамик күту режиміне ауысады. Содан кейін құралдағы жарық диодтық индикатор қызыл түспен жанады.

AUTO POWER (АВТОМАТТЫ ҚУАТ) функциясын қосу/өшіру

Бұл дыбыстық тақта кіріс көзі арқылы автоматты түрде қосылады және өшіріледі: Optical, LG TV, **Bluetooth** немесе «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы.

Бұл жете **AUTO POWER** түймешігін басқан сайын қосылады және өшіріледі.

Қосу

Осы функциямен автоматты қосылу оптикалық сигналдан басқа желінің күту режимінде ғана қолданады. Құралдағы күңгірттелген ақ ЖД шамын тексеріңіз.

ТД-ды қосқанда немесе осы құрылғыға сыртқы құрылғыны қосқан кезде бұл құрылғы кіріс сигналын таниды және ыңғайлы функцияны таңдайды. Құрылғыңыздан шыққан дыбысты ести аласыз.

Егер **Bluetooth** құрылғысын қосуға әрекеттенсеңіз, құрылғы қосылып, **Bluetooth** құрылғысына жалғанады.

Жұптастырылып қойылған смарт құрылғыда «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын іске қоссаңыз және музыканы ойнатсаңыз, дыбыстық тақта Wi-Fi функциясымен қосылады және дыбыстық тақта арқылы музыканы тыңдай аласыз.

Өшіру

Теледидар өшірулі кезде бұл дыбыстық тақта күту режиміне ауысады.

Ескертпе

- Құрылғы AUTO POWER функциясының көмегімен қосылғаннан кейін, LG Sound Sync (Оптикалық / Сымсыз) арқылы қосылған теледидардан біраз уақыт сигнал шығарылмаса, ол автоматты түрде өшіріледі.
- Құрылғы AUTO POWER функциясының көмегімен қосылғаннан кейін, сыртқы құрылғыдан біраз уақыт сигнал шығарылмаса, ол автоматты түрде өшіріледі.
- Егер сіз құрылғыны тікелей өшіретін болсаңыз, ол кейін AUTO POWER функциясы арқылы қосылмайды. Дегенмен, 5 минут сигнал болмағаннан кейін оптикалық сигнал берілсе, құрылғыны AUTO POWER функциясы арқылы қосуға болады.
- Қосылатын құрылғыға байланысты бұл функция іске қосылмауы мүмкін.
- Егер **Bluetooth** қосылымын ажыратсаңыз, кейбір **Bluetooth** құрылғылары бұйымға үздіксіз қосылып көреді. Сондықтан, қосылымды бұйымды өшірместен бұрын ажырату ұсынылады.
- Бұл құралды алғаш рет қосып тұрсаңыз, Автоматты қуат функциясы қосулы күйге айналады.
- Бұл функцияны пайдалану үшін, негізгі блок **Bluetooth** құрылғысының жұптастырылған құрылғылар тізімінде тіркелген болуы тиіс.
- Бұл құрылғы қосылған кезде AUTO POWER функциясын орната аласыз.

Функцияны автоматты түрде өзгерту

Бұл дыбыстық тақта Optical (Оптикалық), **Bluetooth**, LG TV, Portable (Портативті) және «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы сияқты кіріс сигналдарды таниды, содан кейін қолайлы функцияға автоматты түрде ауысады.

Сіз теледидарды немесе сыртқы құрылғыны қосқанда

Сіз Optical немесе LG Sound Sync (Оптикалық немесе Сымсыз) арасынан біреуі арқылы теледидарды немесе сыртқы құрылғыны қосқанда, бұл дыбыстық тақта қолайлы функцияға автоматты түрде ауысады және сіз ол арқылы дыбысты тыңдай аласыз.

Bluetooth құрылғысына қосылып көргенде

Осы құрылғыға **Bluetooth** құрылғысын қосқыңыз келген кезде **Bluetooth** функциясы таңдалады. **Bluetooth** құрылғысындағы музыканы ойнатыңыз.

Портативті құрылғыға қосылған кезде

3,5 мм стерео кабельдің көмегімен портативті құрылғыңызға қосылған кезде бұл құрылғы функциясын Портативті функцияға өзгертеді. Музыканы құрылғыңыздан ести аласыз.

Сіз «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы арқылы музыканы ойнатқанда

Сіз смарт құрылғыңызда «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы арқылы музыканы ойнатқанда, бұл дыбыстық тақта функцияны WI-FI желісіне өзгертеді және сіз ол арқылы музыканы тыңдай аласыз.

Ескертпе

- Оптикалық функцияға ауысу үшін сигналсыз 5 секунд қажет болады.
- Қосылған ТД, Blu-ray диск ойнатқышының, теледидар приставкасының немесе т.б. құрылғының SIMPLINK мүмкіндігі қосулы күйіне орнатылған немесе қосылған CEC қолдау көрсеткен құрылғы қосулы болса, бұл құрылғы функцияны оптикалық күйге өзгертпейді.
  Автоматты функцияның өзгерісін пайдаланғыңыз келсе, LG теледидарындағы SIMPLINK функциясын өшіріңіз. SIMPLINK функциясын өшіруге шамамен 30 секунд уақыт кетеді.
- **Bluetooth** қосылымының құлыптау функциясы орнатылған болса, **Bluetooth** қосылымы тек **Bluetooth** және LG TV функциясында қолжетімді болады. (27-бет)
- Желі қосылымынсыз WI-FI функциясында, LG Sound Sync (сымсыз) арқылы **Bluetooth** құрылғысы мен LG TV қосу мүмкін емес. Осы қосылымдарды орындау үшін функциясына басқасына ауыстырыңыз.

Дыбысты реттеу

Дыбыстық әсерді орнату

Жүйеде алдын ала бапталған қоршаған дыбыс өрістері бар. **SOUND EFFECT** арқылы сіз қалаған дауыс режимін таңдай аласыз.

Көрсетілген элементтер, эквалайзерге дыбыс қайнар көздері мен әсерлеріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Бейнебетте	Сипаттама
ASC (Бейімделетін дыбысты басқару)	Кірген дауыстың сипатын талдап, нақты уақытта мазмұнға оңтайландырылған дауыс шығарады.
BASS BLAST	Бас пен қатты дыбысты күшейтеді.
STANDARD	Оңтайландырылған дыбысты тыңдай аласыз.
DTS VIRTUAL : X	Сіз иммерсивті және кинематографиялық көлемді дыбыспен рахаттана аласыз.

Ескертпе

- Дыбыс әсерінің тәртібі аймақ опциясына байланысты өзгеше болуы мүмкін.
- Кейбір дыбыс әсері режимдерінде, кейбір динамиктерде дауыс мүлдем болмайды немесе дауысы төмен болады. Ол дауыстың режиміне және аудионың алынған көзіне байланысты болады, ол ақаулық емес.
- Кірісті ауыстырғаннан кейін, кейде дыбыс файлы өзгертілгеннен кейін дыбыс әсері режимін қайта орнату керек болады.

Дыбыс деңгейі автоматты түрде таңдалады

Осы құрылғы Автоматты түрде Дауысты баптау функциясын қамтамасыз ету себебінен дауыс деңгейін реттеуге болады.

Егер дыбыс тым қатты немесе тым ақырын болса, онда қашықтан басқару пультіндегі **AUTO VOL** түймесін басыңыз. Осылайша сіз қажетті деңгей төңірегінде дауысты баптау арқылы ләззат аласыз.

Бұл функцияны болдырмау үшін түймені қайта басыңыз; экранда «ON-AUTO VOLUME» жазуы көрінеді.

Дыбыс деңгейін реттеу

Әр динамиктің деңгейін реттей аласыз. Sub Woofer (Сабвуфер), Treble (Жоғары жиіліктер), Bass (Төмен жиіліктер).

1. Реттегіңіз келетін динамикті таңдау үшін түймесін қайта-қайта басыңыз.
2. Дыбыс деңгейін реттеу үшін **VOL +/—** түймесін басыңыз.

Динамик	Дисплей	Ауқым
Сабвуфер	WF	-15 ~ 6
Жоғарғы жиіліктер	TRE	-5 ~ 5
Төмен жиіліктер	BAS	-5 ~ 5

Күту режимі

Музыка ойнатылмаса немесе ешқандай түйме пайдаланылмаса, динамик күту режиміне ауысады.

Күту режимі

1-опция.

Егер желі ажыратылған болса, музыка ойнатылмаса және түйме 15 минут бойы жұмыс істемесе, динамик күту режиміне ауысады. Содан кейін дисплей терезесінде «GOOD-BYE» жазуы шығып, құрылғы жарық диодының индикаторы қызыл түспен жанады.

2-опция.

Құрылғыдағы ⏻ түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі ⏻ түймесін шамамен 3 секундқа басып, ұстап тұрсаңыз, динамик күту режиміне ауысады. Содан кейін дисплей терезесінде «GOOD-BYE» жазуы шығып, құрылғы жарық диодының индикаторы қызыл түспен жанады.

Желінің күту режимі

1-опция.

Желі қосылғанда, бірақ музыка ойнатылмаса және түймелер 15 минут бойы басылмаса, динамик желінің күту режиміне ауысады. Содан кейін құрылғыдағы жарық диод индикаторы ақ түспен күңгірттенеді.

2-опция.

Құрылғыдағы ⏻ түймесін немесе қашықтан басқару пультіндегі ⏻ түймесін бассаңыз, динамик күту режиміне ауысады. Содан кейін құрылғыдағы жарық диод индикаторы ақ түспен күңгірттенеді.

Bluetooth қызметінің күту режимі

Bluetooth қызметінің күту режимі ҚОСУЛЫ күйіне орнатылса, динамик **Bluetooth** күту режимін өшірулі болғанда ауыстырады.

Негізгі құралды **Bluetooth** қызметінің күту режимінде іске қосқан кезде, **Bluetooth** және LG TV функциясын желі қосылмаған жағдайда да қосуға болады.

Құралдың дыбыс деңгейін ең төменгі деңгейге реттеңіз. Одан соң, құралдағы — және қашықтан басқару пультіндегі ⓘ түймесін 3 секундқа басып ұстап тұрыңыз. «ON-BT STANDBY» көре аласыз және құрал **Bluetooth** функциясының күту режиміне ауысады.

Осы функцияны болдырмау үшін,«ON-BT STANDBY» функциясы айналған кезде ⓘ түймесін басыңыз.

Ескертпе

Осы функцияны пайдалану үшін, сіз AUTO POWER функциясын қосуыңыз керек.

Динамикті қайта орнату

Динамик жауап бермесе, динамикті ысырыңыз.

Бір дыбыстық сигнал естілгенге дейін 📶 түймесін басып тұрыңыз. Дисплей терезесінен «RESET» жазуын көресіз. Содан кейін барлық сымсыз желі порттары ажыратылады және сақталған сымсыз желі туралы ақпарат жойылады.

Ақаулықтарды жою

Жалпы

Белгілер	Себеп және шешім
Құрылғы дұрыс жұмыс істемейді.	• Осы құрал мен қосылған сыртқы құрылғының (теледидар, дауысын зорайтқыш, DVD плейері, зорайтқыш, т.б.) қуатын өшіріп, оларды қайтадан қосыңыз. • Осы құрылғының және қосылған сыртқы құрылғының (теледидар, сабвуфер, DVD ойнатқыш, күшейткіш, т.б.) қуат сымын ажыратып, оны қайтадан қосып көріңіз. • Құрылғыңыз өшірілген кезде алдыңғы параметр сақталмауы мүмкін.
Қуат жалғанбаған.	Қуат сымы розеткаға жалғанған ба? • Қуат штепселін розеткаға жалғаңыз.
Дыбыс шықпайды.	Дыбыс деңгейі минималды көрсеткішке орнатылған ба? • Дыбыс деңгейін лайықтаңыз. • Қосылымды сыртқы құрылғымен пайдаланған кезде (ТАП, **Bluetooth** құрылғысы, т.б.), құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз. Дыбысты өшіру функциясы қосылған ба? • 🔇 түймесін басыңыз немесе дыбыс өшіру функциясын тоқтату үшін дыбыс деңгейін реттеңіз. Функция дұрыс таңдалған ба? • Кіріс көзін тексеріңіз және дұрыс кіріс көзін таңдаңыз.
Төменгі жиілік динамигінен дыбыс шықпайды	Сабвуфер жалғанған ба? • Сабвуфердің қуат сымын розеткаға ақырын жалғаңыз. Құрылғы мен сабвуфер арасындағы жұптастыру ажыратылған ба? • Құрылғы мен сабвуферді жалғаңыз. (13-бет)
Қашықтан басқару пульті дұрыс жұмыс істемейді.	Қашықтан басқару пульті құрылғыдан тым алыс па? • Қашықтан басқару пультін 7 м қашықтықта қолданыңыз. Қашықтан басқару пульті мен құрылғы арасында кедергі бар ма? • Кедергіні жойыңыз. Қашықтан басқару пультіндегі батареялардың заряды біткен бе? • Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз.
AUTO POWER функциясы жұмыс істемейді.	• Теледидар, DVD/Blu-Ray ойнатқышы немесе **Bluetooth** құрылғысы сияқты сыртқы құрылғының қосылымын тексеріңіз. • LG теледидарында SIMPLINK функциясының күйін тексеріп, SIMPLINK сөндіріңіз. • Қосылған құрылғыға байланысты бұл функция жұмыс істемеуі мүмкін.
LG Sound Sync функциясы жұмыс істемейді.	• LG TV LG Sound Sync функциясын қолдайтынын тексеріңіз. • LG Sound Sync қосылымын тексеріңіз. • Теледидар және осы құрылғының дыбыс параметрін тексеріңіз.

Белгілер	Себеп және шешім
Құрылғыдан шығатын дыбыс төмен деп сезгенде.	Төмендегі параметрлерді тексеріп құрылғыны соларға сәйкес баптаңыз. • «LG Wi-Fi Speaker» арқылы DRC функциясын [OFF] күйіне ауыстырыңыз. • Теледидармен қосылған дыбыс панелімен AUDIO DIGITAL OUT параметрін TV Setup (Теледидарды орнату) мәзірінде [PCM] күйінен [AUTO] не [BITSTREAM] күйіне ауыстырыңыз. • Ойнатқышпен қосылған дыбыс панелімен AUDIO DIGITAL OUT параметрін Player Setup (Ойнатқышты орнату) мәзірінде [PCM] күйінен [PRIMARY PASS-THROUGH] не [BITSTREAM] күйіне ауыстырыңыз. • Қосылған құрылғының орнату мәзіріндегі Audio DRC параметрін [OFF] күйіне ауыстырыңыз. • Түнгі режим өшірулі екеніне көз жеткізіңіз. Түнгі режимді [OFF] күйге орнатыңыз.
Құрал **Bluetooth** құрылғысына қосылмайды.	• **Bluetooth** қосылымының құлыптау функциясын өшіріңіз. (27-бет)
Радиостанцияларды баптау мүмкін емес.	• Антенна дұрыс емес орналастырылған немесе жалғанған. Антеннаны нық жалғаңыз. • Радиостанцияның сигнал деңгейі өте әлсіз. Станцияны өздігінен орнатыңыз. • Ешқандай станция алдын ала орнатылмаған немесе алдын ала орнатылған станциялар жойылған (алдын ала орнатылған арналарды орнату кезінде). Кейбір станцияларды алдын ала орнатыңыз, толық ақпарат алу үшін, 28-бетті қараңыз.

Желі

Белгілер	Себеп және шешім
Динамикті үй желісіне қосу мүмкін емес.	Сымсыз байланысқа радио жиіліктерді пайдаланатын тұрмыстық құрылғылар кедергі жасауы мүмкін. Динамикті олардан әрі қарай жылжытыңыз.
Медиа серверлері құрылғылар тізімінде көрсетілмеген.	• Медиа серверде брандмауэр немесе вирусқа қарсы бағдарлама іске қосылған. Компьютердегі немесе медиа серверіндегі іске қосылған брандмауэрды немесе вирусқа қарсы бағдарламаны өшіріңіз. • Динамик медиа сервері қосылған бірдей желіге қосылғанына көз жеткізіңіз.

«LG Wi-Fi Speaker» тиісті түрде жұмыс істеп жатқан жоқ.	«LG Wi-Fi Speaker» құрылғысы розеткаға қосылған ба? • «LG Wi-Fi Speaker» құрылғысын розеткаға қосыңыз. LAN кабелі сымсыз маршруттауышқа және «LG Wi-Fi Speaker» құрылғысына тиісті түрде қосылған ба? • LAN кабелін «LG Wi-Fi Speaker» құрылғысының артқы жағындағы LAN портына және сымсыз маршруттауышқа қосыңыз. Маршруттауышты қайта іске қостыңыз ба? • Динамикті өшіріп, қайта іске қосуыңыз қажет. Жаңа маршруттауышты орнатқан жағдайда. • Динамикке зауыттық параметрді орнатып, желі байланысын орнатуыңыз керек.

Қолданба

Белгілер	Себеп және шешім
«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы тиісті түрде жұмыс істемей жатыр.	Қолданбаға кірген кезде қате орын ала ма? • Смарт құрылғы қолданбамен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз. • «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасының соңғы нұсқасы орнатылғанын тексеріңіз. • Динамиктің алдыңғы жарық диоды қызыл түстен ақ түске ауысқанына көз жеткізіңіз.

Сымсыз құрылғыны пайдалану бойынша ЕСКЕРТПЕЛЕР

Белгілер	Себеп және шешім
Бұл құрылғыда сымсыз кедергі болуы мүмкін.	• Сымсыз құрылғы сигналы әлсіз аймақта дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. • Құрылғыны сымсыз сабвуферге жақын жерде орнатыңыз. • Құрылғының оңтайлы өнімділігі үшін металл жиһаз үстіне орнатпаңыз.
Bluetooth құрылғысы келесі жағдайларда ақаулануы немесе гүілдеуі мүмкін.	• Корпустың кез келген бөлігі **Bluetooth** құрылғысының не дыбыстық панельдің қабылдау-таратқышына тиген кезде. • Кедергі немесе қабырға бар кезде не құрылғы алыс жерде орнатылғанда. • Бірдей жиілікті пайдаланатын құрылғы (сымсыз LAN, медициналық жабдық немесе микротолқынды пеш) болған кезде өнімдерді барынша бір-бірінен алыс қашықтықта сақтаңыз. • Құрылғыны **Bluetooth** құрылғысына жалғаған кезде өнімдерді барынша бір-біріне жақын қашықтықта сақтаңыз. • Құрылғы **Bluetooth** құрылғысынан тым алыстаған кезде байланыс үзіледі, сондай-ақ ақаулық пайда болуы мүмкін.

Демо режимін ашу үшін ЖАЗБАЛАР

Белгілер	Себеп және шешім
F түймесімен BT (**Bluetooth**), HDMI т.б. сияқты кіріс көзін өзгерте алмадым және тек [DEMO] индикаторы алғы дисплейде көрініп тұр.	Тоқ кабелін шығарып қайта қосыңыз. Бұл нәтиже бермесе, дыбыстық тақтада түймесін бір дыбыстық сигналды естігенше басып тұрыңыз. Дисплей терезесінде «RESET» жазуы көрінеді.
Қашықтан басқару құралы жұмыс істемей тұр. (жауап жоқ)	

Файл талабы

Қолжетімді файл кеңейтімдері : «.mp3», «.flac», «.aac», «.ogg», «.wav»
Дискретизация жиілігі: 32 және 48 кГц аралығында (mp3), 192 кГц/24 битке дейін (flac)
Бит жылдамдығы: 320 кбит/с-қа дейін (mp3)

- Файл талаптары әрдайым үйлесімді емес. Файл мүмкіндіктері және медиа сервер мүмкіндігінде кейбір шектеулер болуы мүмкін.
- Кейбір wav файлдарына осы динамикте қолдау көрсетілмейді.
- Файлдардың түрлеріне немесе жазып алудың әдістеріне байланысты, ол ойнатпауы мүмкін.
- Кейбір DRM арқылы жүктелген файлдарға осы динамикте қолдау көрсетілмейді.
- Смарт құрылғының және компьютердің операциялық жүйесіне және/немесе өндірушісіне байланысты қолдау көрсетілетін файл түрлері әртүрлі болуы мүмкін.

Сауда белгілері мен лицензиялар

Барлық басқа сауда белгілері тиісті иелерінің сауда белгілері болып табылады.

DOLBY AUDIO™

Dolby Laboratories компаниясының лицензиясы бойынша жасалған. Dolby, Dolby Audio және double-D таңбасы — Dolby Laboratories компаниясының сауда белгілері.

dts Digital Surround

DTS патенттері үшін http://patents.dts.com торабын қараңыз. DTS Licensing Limited лицензиясы бойынша өндірілген. DTS, таңбасы, DTS пен таңбасы бірге және Digital Surround — DTS, Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері және/немесе сауда белгілері болып табылады. © DTS, Inc. Барлық құқықтары қорғалған.

dts Virtual:X

DTS патенттері үшін http://patents.dts.com торабын қараңыз. DTS Licensing Limited лицензиясы бойынша өндірілген. DTS, таңбасы, DTS пен таңбасы бірге және DTS Virtual:X — DTS, Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері болып табылады. © DTS, Inc. Барлық құқықтары қорғалған.

Bluetooth®

Bluetooth® сөз таңбасы мен логотиптері **Bluetooth** SIG, Inc. меншігіндегі тіркелген сауда белгілер және бұл таңбаларды LG Electronics лицензиясы арқылы пайдаланады.
Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

HDMI™ HIGH-DEFINITION MULTIMEDIA INTERFACE

HDMI, HDMI High-Definition Multimedia Interface және HDMI ентаңбасы - HDMI Licensing LLC компаниясының АҚШ-та немесе басқа елдерде тіркелген сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.

Сипаттамалар

Жалпы	
Электр қуатының тұтынылуы	Құралдың негізгі жапсырмасын қараңыз.
	Желідегі күту режимі: 5,7 Вт (Барлық желі порттары белсендірілген кезде.)
Айнымалы ток адаптері	Үлгі: DA-38A25 Өндіруші: Asian Power Devices Inc. Кіріс: 100 - 240 В ~ 50 - 60 Гц Шығыс: 25 В ⎓ 1,52 А
Өлшемдері (Е x Б x Д)	шамамен 1061,0 мм x 57,5 мм x 87,0 мм (аяқпен)
Жұмыс температурасы	5 °C – 35 °C
Жұмыс ылғалдылығы	5 % – 90 %
Сандық кірістің қолжетімді аудио үлгілеу жиілігі	32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц, 88,2 кГц, 96 кГц
Қолжетімді сандық кіріс аудио пішімі	Dolby Audio, DTS Digital Surround, PCM

Кіріс/Шығыс	
OPTICAL IN	3 В (р-р), оптикалық ұяшық x 1
PORTABLE IN	0,32 орта квадраттық В (3,5 мм стерео ұяшық) x 1
HDMI IN	19 істікті (A түрі, HDMI™ қосқышы) x 1
HDMI OUT	19 істікті (A түрі, HDMI™ қосқышы) x 1

Тюнер	
FM реттеу диапазоны	87,5 -108,0 МГц немесе 87,50 -108,00 МГц

Күшейткіш (RMS шығысы)	
Барлығы	360 Вт RMS
Алдыңғы	80 Вт RMS x 2 (1 кГц-те 4 Ω, THD 10 %)
Сабвуфер	200 Вт RMS (80 Гц-те 3 Ω, THD 10 %)

Сымсыз сабвуфер	
Қуат көзі бойынша талаптар	Сабвуфердің негізгі жапсырмасын қараңыз.
Электр қуатының тұтынылуы	Сабвуфердің негізгі жапсырмасын қараңыз.
Түрі	1 жолды 1 динамик
Кедергі	3 Ω
Номиналды кіріс қуаты	200 Вт RMS
Максималды кіріс қуаты	400 Вт RMS
Өлшемдері (Е x Б x Д)	шамамен 221,0 мм x 390,0 мм x 312,8 мм

Жүйе	
LAN порты	Ethernet ұяшығы x 1, 10 BASE-T/100 BASE-TX
Сымсыз LAN желісі (ішкі антенна)	802.11a/b/g/n Wi-Fi желілері

- Құрылымы мен сипаттамалары ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Динамикті өңдеу

Динамикті тасымалдаған кезде

Бастапқы жеткізу қорабын немесе орайтын материалдарын сақтап қойыңыз. Егер динамикті тасымалдау керек болса, максималды қорғаныс үшін динамикті зауытта қапталғандай етіп қайта ораңыз.

Сыртқы беттерін таза ұстау

- Динамиктің қасында инсектицид спрейі сияқты буланғыш сұйықтықтарды пайдаланбаңыз.
- Қатты күш салып сүрту сыртқы қабатын зақымдауы мүмкін.
- Резеңке немесе пластмасса өнімдердің динамикке ұзақ жанасып тұруына жол бермеңіз.

Динамикті тазалау

Құрылғыны тазалау үшін құрғақ шүберек пайдаланыңыз. Егер беткейлері қатты лас болса, жұмсақ жуғыш затының ерітіндісімен аздап суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Спирт, бензин немесе сұйылтқыш сияқты күшті ерітінділерді пайдаланбаңыз, олар динамиктің бетін зақымдауы мүмкін.

Желілік қызметтерге қатысты маңызды ақпарат

Кез келген үшінші тарап (әрқайсысы «Қызмет провайдері») арқылы берілген немесе қол жетімді етілген бүкіл ақпарат, деректер, құжаттар, байланыстар, жүктеулер, файлдар, мәтін, сурет, фотосуреттер, сызбалар, бейнелер, вебкасттар, жарияланымдар, құралдар, ресурстар, бағдарламалық жасақтама, код, бағдарламалар, апплеттер, виджеттер, қолданбалар, өнімдер және басқа мазмұн («Мазмұн») және барлық қызметтер мен ұсыныстар («Қызметтер») тек оларды жасаған Қызмет провайдерінің жауапкершілігі болып табылады.

Қызмет провайдері LGE құрылғысы арқылы қамтамасыз ететін мазмұны мен қызметтерінің қолжетімділігі мен қатынасу кез келген уақытта ескертусіз өзгеруі, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, мазмұнның немесе қызметтердің бүкіл немесе кез келген бөлігі уақытша тоқтатылуы, жойылуы немесе тоқтатылуы мүмкін.

Егер сізде мазмұнға немесе қызметтерге қатысты қандай да сұрақ немесе мәселе пайда болса, ең жаңа ақпаратты қызмет провайдерінің веб-торабында қарауға болады. LGE компаниясы мазмұнға және қызметтерге қатысты тұтынушы қызметіне жауапты емес. Мазмұнға немесе қызметтерге қатысты кез келген сұрақты немесе сұрауды тікелей сәйкес мазмұн және қызмет провайдерлеріне жіберу керек.

LGE компаниясы қызмет провайдері беретін ешбір мазмұнға немесе қызметтерге немесе мұндай мазмұнға немесе қызметтерге енгізілген ешбір өзгертулерге, жоюға немесе тоқтатуға жауапты емес екенін және мұндай мазмұнның немесе қызметтердің қол жетімділігіне немесе оларға қатынасуға кепілдік бермейтінін ескеріңіз.

ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

Бұл Пайдалану шарттары LG компаниясының Wi-Fi динамигін, LG Wi-Fi динамигімен байланысты кез келген бағдарламалық жасақтаманы, осы қолданба мен осы қолданбамен байланысты кез келген қызметтерді (бірге «LG Software») пайдаланатын адамдарға және топтарға қолданылады. Олар сізге LGE жауапкершіліктерін, сондай-ақ, LG бағдарламалық жасақтамасын пайдаланған кездегі білуіңіз қажет рұқсаттар мен тыйымдарды анықтауды сипаттайды. LG бағдарламалық жасақтамасы - Корея, Сеул, Yeoungdeungpo-gu, Yeouido-dong 20 мекенжайында тіркелген кеңсесімен LG Electronics Inc. компаниясы иеленетін жеке бағдарламалық жасақтама. LGE және оның лицензия берушісі («LGE», «бізге» немесе «біз»).

LG бағдарламалық жасақтамасына қол жеткізу немесе оны пайдалану арқылы осы пайдалану шарттарын қабылдайтыныңызды және оларға сақтауға келісетініңізді растайсыз. Пайдалану шарттарымен келіспесеңіз, LG бағдарламалық жасақтамасына қол жеткізе немесе оны пайдалана алмайсыз. Осы пайдалану шарттары мен оған қатысты кез келген басқа құжат арасында келіспеушілік пайда болса, осы пайдалану шарттары сәйкес құжатта нақты басқаша көрсетілмегенше басымдығы жоғары болады.

Біз сізге LG бағдарламалық жасақтамасының алдын ала орнатылған көшірмесін тек LG Wi-Fi динамигін жеке пайдалану үшін қажет көлемде пайдалану мақсатында қарапайым лицензия береміз және басқа мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

LG бағдарламалық жасақтамасындағы барлық иелену құқықтары әлемнің кез келген жерінде тек бізге тиесілі екенін және LG бағдарламалық жасақтамасындағы иелену құқықтары сізге өтпейтінін растайсыз. Сіздің LG бағдарламалық жасақтамасын лицензия шартында көрсетілгендей тек шектеулі пайдалануға құқығыңыз бар.

Біздің бағдарламалық жасақтамамызды заң арқылы рұқсат берілмегенше ешқандай жолмен көшіруге, өзгертуге, декомпиляциялауға немесе қайта жобалауға болмайды. Егер осы пайдалану шарттарын бұзғаныңызға күдіктенсек, қызметтерді толығымен немесе жартылай ескертусіз тоқтатуға немесе өшіруге құқығымыз бар.

LG бағдарламалық жасақтамасы өзіңіздің жеке талаптарыңызды қанағаттандыру үшін өңделмегенін растайсыз. Біз LG бағдарламалық жасақтамасында қате жоқ немесе әрқашан қолжетімді болатынына уәде немесе кепілдік бермейміз. LG бағдарламалық жасақтамасын үздіксіз, жоғары сапалы негізбен қамтамасыз ету үшін біз коммерциялық орынды шараларды қолданамыз, бірақ олар қолжетімді болатынына, үзілмей жұмыс істеуіне немесе қателер болмайтынына кепілдік бере алмаймыз. Техникалық, операциялық, қауіпсіздік, құқықтық немесе реттеуші себептер үшін орынды қажеттілік деп санайтын жағдайда LG бағдарламалық жасақтамасын үзуге не тоқтатуға немесе қызметтерді толығымен не жартылай уақытша тоқтатуға немесе шектеуге мәжбүр болуымыз мүмкін.

Қызметтер немесе олардың кез келген бөлігі кез келген уақытта немесе белгілі бір кезеңге қолжетімді емес болса, жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз.

LG бағдарламалық жасақтамасында үшінші тарап арқылы қолжетімді болған мазмұн немесе қолданбаларды жүктеу және оларға қол жеткізу үшін, LG бағдарламалық жасақтамасын пайдалана алатыныңызға қарамастан, осындай мазмұн немесе қолданбаларға әрқашан қол жеткізе алатыныңызға уәде немесе кепілдік бермейміз. Осыған құқығымыз бар болғандықтан лицензия шарттарында заң арқылы тұспалдануы мүмкін кез келген кепілдіктерден немесе басқа шарттардан бас тартамыз.

Осыған құқығымыз бар болғандықтан сіз немесе LG бағдарламалық жасақтамасын сіздің пайдалануыңызбен байланысты кез келген басқа тұлға келтірген қандай да шығын немесе зақым үшін барлық жауапкершіліктен бас тартамыз. Лицензия шарттарын бұзу немесе немқұрайлық салдарынан орын алған болжалды нәтижеден туындаған шығын немесе зақымға ғана төменде көрсетілген сомаға дейін өтеуге жауаптымыз, бірақ болжалды емес шығын немесе зақым үшін жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз. Шығын немесе зақым біздің шартты

бұзуымыздың айқын салдары жағдайында немесе LG бағдарламалық жасақтамасын пайдалана бастағанда сіз және біз арқылы қарастырылған жағдайда болжалды деп есептеледі.

Лицензия шарттарынан шығарылмаған кез келген шығын немесе зақым үшін, келісімшартта азаматтық құқық бұзушылықта (немқұрайлықты қоса) немесе басқаша жолмен, біздің және компания тобымыздың жалпы жауапкершілігі сіздің LG бағдарламалық жасақтамасының қызметі үшін төлеген сомаға шектеулі. Қолданыстағы заңға сәйкес жағдайларда, кейбір юрисдикциялар кездейсоқ немесе жанама зақымдар үшін жауапкершілікке шектеу немесе шеттеуге жол бермейді немесе жауапкершілікті шектеу немесе шеттеуге жол бермейтін құқығы бар, сондықтан жоғарғы шектеу сізге қатысты емес болуы мүмкін.

Осы лицензия шарттарының ешқайсысы біздің немқұрайлылығымыз, айлакерлігіміз немесе қасақана жаңылыстыруымыз салдарынан орын алған өлім немесе жеке жарақат үшін біздің жауапкершілігімізді немесе заңнама арқылы шеттетілмейтін не шектелмейтін кез келген басқа жауапкершілікті шектемейді немесе шеттетпейді.

LG бағдарламалық жасақтамасы мазмұн провайдерлері сияқты үшінші тарап арқылы иеленетін және жұмыс істейтін «apps» қол жеткізуге және басқа қызметтерге байланысуға мүмкіндік береді. Қызметтер арқылы қол жеткізетін кез келген үшінші тарап қолданбалары, қызметтері және мазмұны осы үшінші тарап провайдерлері арқылы сізге қолжетімді болады немесе пайдалану шарттарының ауқымынан тыс болады.

Сіздің кез келген үшінші тарап провайдерлерімен қатынасыңыз тек аталмыш провайдер екеуіңіздің араңызда қалады және провайдердің жеке шарттары мен құпиялық саясатына қатысты болуы мүмкін. Біз сізге осы құжатты мазмұнына жауапты емес екенімізге қарамастан оқуға кеңес береміз. Үшінші тарап провайдерлері арқылы қамтамасыз етілген қолданбалар, қызметтер немесе мазмұн үшін жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз.

Кез келген жағдайда ескертусіз немесе жауапкершіліксіз белгілі бір үшінші тарап мазмұны, қолданбасы немесе қызметтерін пайдалануға немесе қол жеткізуге шектеу қоя аламыз. LG бағдарламалық жасақтамасы арқылы қолжетімді кез келген мазмұн, қолданба немесе қызметке енгізілген қандай да өзгеріс, үзіліс, өшіру, жою немесе уақытша тоқтату үшін ешқандай жауапкершілікті мойнымызға алмаймыз. Сондай-ақ, мазмұн, қолданба немесе қызметтерге қатысты тұтынушыға қызмет көрсету үшін жауапты емеспіз. Үшінші тарап мазмұны, қолданбасы немесе қызметтеріне қатысты кез келген сұрақ немесе сауал үшін сәйкес мазмұн және қызмет провайдерлеріне немесе сәйкесінше қолданба өндірушілеріне тікелей хабарласу керек.

Бұл шарттар сіздің тұтынушы ретіндегі заңды құқықтарыңызға ықпал етпейді.

Балалар және ата-ананың бақылау құралдарына арналған қызметтердің жарамдылығы

Қажет болғанда қанағаттандыру үшін мұны сәйкесінше өзгертіңіз: Қызметтер 13 жасқа дейінгі балаларға арналмаған және 13 жасқа дейінгі балаларды қызықтыру үшін арнайы құрастырылмаған. Сонымен қатар, қызметтерді пайдалануыңыз арқылы қол жеткізе алатын белгілі бір мазмұнда сіз тұрпайы, наразылық тудыратын немесе балаларға арналмаған деп санайтын материал болуы мүмкін.

Балаға LG Smart TV теледидарын қызметтерге қол жеткізу үшін пайдалануға рұқсат берсеңіз, қызметтерді баланың пайдалануы үшін жарамды немесе жарамды емес екенін шешуге жауапкершілікті өз мойныңызға аласыз.

Smart TV теледидары ата-ананың бақылау құралын ұсынады (4 сандық PIN-код арқылы). 4 сандық PIN-кодты қоссаңыз, LG Smart TV теледидары PIN-кодты енгізбегенше шектеулі мазмұнды көрсете алмайды. Ата-ананың бақылау құралы және қолжетімді басқа да бақылау функцияларын орнату және қолдау көрсету үшін сіз жауаптысыз, және сіздің олай жасамағаныңыздың нәтижесінде сіз немесе LG Smart TV теледидарын пайдаланушы келтірген қандай да зиян, шығын немесе зақым үшін біз жауапты емеспіз. LG Smart TV теледидарының үлгілеріне байланысты осы мүмкіндіктер қолжетімді емес болуы мүмкін.

Вирустар және қауіпсіздік

Қажет болғанда қанағаттандыру үшін

мұны сәйкесінше өзгертіңіз: Қызметтер қауіпсіз және вирусы жоқ екеніне көз жеткізу үшін, коммерциялық орынды шараларды қолданамыз, бірақ сол шаралар қызметтерде қателер, вирустар немесе басқа осалдықтар жоқ болуына кепілдік бере алмайды және бермейді.

Сонымен қатар, қызметтерді пайдалану барысында LG Smart TV теледидарына, деректерге немесе сізге тиесілі басқа материалдарға енуі мүмкін вирус, таратылған қызмет көрсетуден бас тарту шабуылы немесе басқа техникалық зиянды материал келтірген қандай да шығын немесе зақым үшін жауапкершіліктен бас тартамыз.

Өзіңіз дұрыс санайтындай өзгертіңіз: Шағымдар

Қызметтер туралы қандай да бір сұрақтарыңыз, мәселелеріңіз немесе шағымдарыңыз болса, хабарласыңыз [жеке емес LG электрондық пошта мекенжайына сілтемені қоса].

Өзіңіз дұрыс санайтындай өзгертіңіз: Басқалар

Нақты басқаша көрсетілмеген болса, осы пайдалану шарттары мен ондағы көрсетілген құжаттар ішінде қызметтерді пайдалануға қатысты біз бен сіздің толық келісіміміз бар және қызметтерді пайдалануыңызға қатысты біз бен сіздің арамызда кез келген алдыңғы келісімдер, жүзеге асыру шарттары, қабылданған міндеттер немесе ұсыныстардың орнына жазбаша немесе ауызша қолданылады.

Өзіміздің құқықтарымыз бен міндеттерімізді кез келгенін немесе барлығын осы пайдалану шарттарына сәйкес кез келген компанияға, фирмаға немесе тұлғаға тағайындауымызға, қосымша келісімшартқа отыруымызға немесе басқаша жолмен беруімізге болады. Мұны тек пайдалану шарттарына сәйкес сізге материалдық тұрғыда әсер етпейтін жағдайда ғана жасай аламыз. Алдымен бізбен жазбаша түрде келісіп алмағанша пайдалану шарттарына сәйкес өзіңіздің құқықтарыңызды немесе міндеттеріңізді басқа біреуге (LG Smart TV теледидарын үшінші тарапқа беретін жағдайды қоспағанда) тағайындауға, қосымша келісімшартқа отыруға немесе басқаша жолмен беруге болмайды.

Белгілі бір уақытта сізге қарсы кез келген құқығымызды жүзеге асырмау немесе күшіне енгізбеуге шешсек, онда бұл құқықты кейін жүзеге асыру немесе күшіне енгізуге шешуімізге кедергі келтірмейді.

Пайдалану шарттарының кез келген бөлігі заңсыз, жарамсыз немесе сот не реттеуші шешімімен айыптау күші жоқ деп есептелсе, пайдалану шарттарының сол бөлігін жойылып, қалған бөліктері айыптау күші бар болып қала береді.

Пайдалану шарттары оларға қатысы жоқ кез келген тұлға арқылы айыптау күші бар ешқандай құқықтар жасамайды немесе тұспалдамайды

Пайдалану шарттары LG Smart TV теледидары сатылған мемлекет заңнамалары арқылы реттеледі және сіз бен LGE екеуіңіз де LG Smart TV теледидары сатылған мемлекет заңнамаларының айрықша юрисдикциясына бағынуға келісім бересіз

Осы келісімді қайшылықты құқық шарттарын қоспағанда Корея Республикасы басқарады.

Пайдалану шарттарына қатысты сұрақтарыңыз немесе пікірлеріңіз болса, www.lg.com веб-торабына кіріңіз.

Осы пайдалану шарттары уақыт өте LGE арқылы жаңартылуы мүмкін. Пайдалану шарттарына едәуір өзгеріс енгізсек, сізге LG бағдарламалық жасақтамасы немесе басқа құралдар арқылы хабарлаймыз.

Бастапқы коды ашық бағдарламалық құрал ескертуі туралы ақпарат

Осы өнімдегі GPL, LGPL, MPL және басқа да бастапқы коды ашық лицензиялардағы бастапқы кодты алу үшін http://opensource.lge.com веб-торабына өтіңіз.

Бастапқы кодқа қоса, барлық қажетті лицензиялардың шарттарын, кепілдік міндеттерінен бас тарту құжаттарын және авторлық құқық туралы мәліметтерін алуға болады.

LG Electronics компаниясы сізге CD-ROM дискісінде ашық бастапқы кодты ақылы түрде береді. Қызмет ақысына opensource@lge.com мекенжайына электрондық хатпен сұрау жіберілгеннен кейін мұндай үлестіруді орындау құны (мысалы, тасығыш, жеткізу және өңдеу құны) жатады.

Бұл ұсыныс осы өнімді соңғы рет жібергеннен кейін үш жыл ішінде жарамды болады. Ұсыныс осы ақпаратты алған әр тұлға үшін жарамды болып келеді.


LG
Life's Good

LG
Life's Good

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

LG Wi-Fi Speaker

www.lg.com

Мазмұны

1 Бастау

3 «LG Wi-Fi Speaker»
3 – «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын орнату
4 – «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасымен жұмысты бастау

2 Қосылу

5 Динамикті үй желісіне қосу
5 – Сымды байланыс
6 – Қарапайым қосылу
7 – Қолмен қосылу

3 Іске қосу

9 «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы арқылы музыка тыңдау
9 – Қосымша мәзірге шолу
10 – [My Speakers] шолу
10 – Әнді ойнату
11 – Әнді басқару
12 – Ойнату мүмкіндігіне шолу
13 Параметрлер
13 – Қосылған динамиктің параметрлері
15 – «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасының параметрлері

«LG Wi-Fi Speaker»

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы осы динамиктің әртүрлі функцияларын смарт құрылғы арқылы пайдалануға мүмкіндік береді:

Құрылғыңыздағы және үй желілік серверіндегі музыканы тыңдау

Сіз смарт құрылғыңыздағы және үй желілік серверіңіздегі музыканы тыңдай аласыз.

Кірістірілген Chromecast құрылғысын пайдалану

Chromecast қолдайтын қолданбалар арқылы осы динамик арқылы музыка тыңдай аласыз.

Динамикті реттеу және басқару

Сіз тіпті қашықтан басқару пультінсіз де динамик параметрлері мен динамиктің өзін басқара аласыз.

Динамикті жаңарту

Динамикті соңғы нұсқаға жаңартуға болады.

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын орнату

Apple «App Store» немесе Google «Play Store» арқылы

1. Apple «App Store» белгішесін немесе Google «Play Store» белгішесін түртіңіз.
2. Іздеу жолағында «LG Wi-Fi Speaker» деп теріп, «Іздеу» түймесін түртіңіз.
3. Жүктеп алу үшін іздеу нәтижелерінің тізімінде «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын таңдаңыз.

Ескертпе

- «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы келесі бағдарламалық құрал нұсқасында қолжетімді болады:
  Android OS: 5.0 нұсқасы (немесе кейінгі нұсқа)
  iOS: 10 нұсқасы (немесе кейінгі нұсқа)
- Құрылғыға байланысты «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы жұмыс істемеуі мүмкін.

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасымен жұмысты бастау

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын алғаш рет іске қосқанда, экранда пайдалану шарттары мен Chromecast Service пайда болады.

1. Пайдалану шарттарының мазмұнын тексеріп, [Agree and start] пәрменін таңдаңыз.



2. Chromecast Service мазмұнын тексеріп, [Agree and start] пәрменін таңдаңыз.



Динамикті үй желісіне қосу

Талаптар

- **Сымсыз маршруттауыш** интернетке қосылуы тиіс.
- Смартфон немесе планшет сияқты **смарт құрылғыны** сымсыз маршруттауышқа Wi-Fi байланысы арқылы қосу керек.

Ескертпе

- Сымсыз маршруттауышта DHCP сервері іске қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Динамикті маршруттауышпен қоса алмасаңыз, маршруттауыш параметріне өтіңіз, содан кейін «Allow wireless client to see each other and access my local network» өрісіне құсбелгі қойылмағанына көз жеткізіңіз.
- IPv4 және IPv6 протоколдарының екеуін де қолдайтын желілік ортада (маршруттауыш, интернет және интернет қызметін жеткізуші) желіге қосылғанда желі IPv4 немесе IPv6 протоколы арқылы автоматты түрде қосылады.
  Әрбір желінің күйін «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасында My Speakers параметрлерін ([Settings]>[IP Info.]) таңдау арқылы тексеруге болады.

Сымды байланыс

Сымды желіні пайдалану үздік өнімділікті береді, өйткені жалғанған құрылғылар тікелей желіге радио жиілік кедергісінің әсерінсіз қосылады.

1. LAN кабелін пайдалану арқылы динамикті үй маршруттауышына қосыңыз.



2. «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын ашқанда смарт құрылғыңыздың экранында динамикті көресіз.



Қарапайым қосылу

Дайындық

- Қарапайым қосылым үшін Wi-Fi желісі қажет.
- Смарт құрылғыңыздағы **Bluetooth** параметрі қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтан басқару пультінде **F** немесе динамикте **F** пайдалану арқылы WI-FI функциясын таңдаңыз.

Ескертпе

Қарапайым қосылымға **Bluetooth** 4.0 нұсқасы (немесе одан жоғары) тарапынан қолдау көрсетіледі.

1. Динамиктің орнын және күйін тексеріп, [Next] пәрменін таңдаңыз.



Android құрылғысын пайдалансаңыз, орынды анықтауға рұқсат беруіңіз керек. iOS құрылғысын пайдалансаңыз, келесі қадамға өтіңіз.

Орынды анықтауға рұқсат етіңіз. Содан кейін [Next] түймесін қайтадан басыңыз.



2. Содан кейін қосылатын қолжетімді динамикті көресіз.



- Қажетті динамик көрінбесе, [ ] пәрменін таңдаңыз.
- Дыбыстық сигнал арқылы динамикті тексеру үшін [ ] пәрменін таңдаңыз.
- Іздеу сәтсіз аяқталды, динамикті қайтадан іздеу немесе динамикті қолмен қосу үшін [Retry] пәрменін таңдаңыз. (7-бет)

3. [ ] және [Next] құсбелгілерін қою арқылы қосылатын динамикті таңдаңыз.



4. Желіге құпия сөз орнатқан болсаңыз, смарт құрылғыда қауіпсіздік экраны пайда болады. Құпиясөзді енгізіп, [Next] пәрменін түртіңіз.



5. Қосылуды аяқтау үшін [OK] түймесін түртіңіз.



Қолмен қосылу

Динамик пен смарт құрылғы арасында қарапайым қосылу қолжетімсіз болса, оны қолмен қоса аласыз.

1. Динамикті қолмен қосу үшін [Manual setup] пәрменін таңдаңыз.



2. Динамиктің орнын және күйін тексеріп, [Next] пәрменін таңдаңыз.



3. Бұл қадам тек iOS құрылғысына арналған. Android құрылғысын пайдалансаңыз, келесі қадамға өтіңіз.

   iOS құрылғыңызда Wi-Fi параметрін қосыңыз және [LG_Speaker_Setup_XXXX] пәрменін таңдаңыз, содан кейін «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасына оралыңыз.



4. Құпиясөзді енгізіп, [Next] пәрменін түртіңіз.



   Содан кейін смарт құрылғы қосылуға қолжетімді динамикті іздейді.

5. Байланыс орнатуды аяқтау үшін [OK] түймесін түртіңіз.



«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы арқылы музыка тыңдау

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы смарт құрылғыңыздағы музыканы ойната аласыз.

> **Ескертпе**
>
> Осы бөлімдегі мазмұнның біразы қолданба нұсқасына байланысты «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасынан өзгеше болуы мүмкін.

Дайындық

1. Желінің динамикпен байланысын тексеріңіз. (5-бет)
2. Динамикті пайдалану үшін «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын жүктеп алып, орнату керек. (3-бет)

Қосымша мәзірге шолу

1. Смарт құрылғыңызда «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын іске қосыңыз. [My Speakers] көрінеді.
2. [≡] түймесін түртіңіз.



3. Бүйірлік мәзір көрінеді.



1	**[My Speakers]** – Қосылған динамикті көрсетеді.
2	**[My Phone]** – Осы смарт құрылғыдағы әндерді көрсетеді.
3	**[Music Server]** – Қосылған құрылғылардағы (Медиа сервері) әндерді көрсетеді.
4	**[Playlist]** – Ойнату тізімдерін көрсетеді.
5	**[Settings]** – Қолданба параметрлерін көрсетеді.

[My Speakers] шолу



1	[+] – Қосымша динамиктерді қосу.
2	[Ⓕ] – Қосылған динамиктің функциясын таңдайды.
3	[⚙] – Қосылған динамиктің параметрлерін реттеу. (13-бет)
4	[🔊] – Қосылған динамиктің дыбыс деңгейін реттеу.
5	[Status] – Қосылған динамиктің күйін көрсетеді.

Әнді ойнату

1. Бүйірлік мәзірде [My Phone] немесе [Music Server] тармағын таңдаңыз.



2. Сіз смарт құрылғыңыздағы немесе музыка серверіндегі әндерді көре аласыз. Ойнатылатын әнді таңдаңыз.

   [My Phone] мәзірінде әндерді [Album], [Artists], [Songs], [Genres] және [Folders] (Android құрылғысы) немесе [iPhone Playlist] (iOS құрылғысы) бойынша сұрыптауға болады.

   [Music Server] мәзірінде қосылған серверлер көрінеді.

3. [⎚] пәрменін түртіп, динамикті таңдаңыз. Chromecast арқылы қосылған динамиктен музыканы тыңдай аласыз.

Әнді басқару

[My Phone] немесе [Music Server] әндер тізімінде қалаған әннің [⋮] түртіңіз. Ашылмалы мәзір пайда болады.



1 **[Play next]** – Келесі ойнататын музыканы таңдайды.

2 **[Add to queue]** – Кезек тізіміне қосады.

3 **[Add to playlist]** – Қажетті ойнату тізіміне қосады.

> **Ескертпе**
>
> Сымсыз ортаға байланысты әнді динамик арқылы ойнату дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Ойнату тізімін пайдалану

Ойнату тізімін жасау арқылы өзіңізге ұнайтын музыканы тыңдай аласыз.

1. [My Phone] немесе [Music Server] әндер тізімінде қажетті әннің [⋮] және [Add to playlist] пәрменін түртіңіз.



2. [Add to playlist] терезесі көрінеді.



- Ән қосатын ойнату тізімін таңдаңыз.
- Басқа ойнату тізімін жасау керек болса, [Make a new] пәрменін таңдаңыз.

Ойнату мүмкіндігіне шолу

Ойнату экранында әртүрлі ақпаратты растауға және баптауға болады.



1	[⊡/⊡] - Chromecast арқылы қосылған динамикке музыканы трансляциялау және музыканы трансляциялауды тоқтату.
2	[⊡] - Ағымдағы ойнату тізімін өңдейді.
3	[🔊] - Смарт құрылғының дыбыс деңгейін немесе Chromecast дыбысы деңгейін реттейді.
4	[🔊] - Дыбыс әсерін реттейді.
5	Ойнату мүмкіндігін реттейді. [❚❚] - Ойнатуды кідіртеді. [▶] - Ойнатуды бастайды. [⏮]/[⏭] - Жылдам кері не жылдам алға өту. [🔁] - Қажетті мазмұнды қайталайды. Оны басқан сайын күй [🔁] (Бір рет қайталау) - [🔁] (Барлығын қайталау) - [🔁] (Қайталау өшірулі) ретімен өзгереді. [🔀] - Тізімдегі музыканы араластырады. Музыка кездейсоқ ретпен ойнатылады.
6	Қазіргі уақытта ойнатылып жатқан ән туралы ақпаратты көрсетеді.

Ескертпе

Смарт құрылғыңыздан музыка тыңдағанда немесе динамиктерден [Google Home] қолданбасы арқылы топтаған музыканы тыңдағанда [🔁] өшірулі болады.

Дыбыс әсерін таңдау

[🔊] белгішесін түрту арқылы қажетті дыбыс режимін таңдауға болады.

Эквалайзерге көрсетілген элементтер, дыбыс көздері мен әсерлеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

1. Ойнату кезінде [🔊] пәрменін түртіңіз.



2. < және > арқылы дыбыстық әсерді таңдап, [OK] түймесін түртіңіз.



Дыбыстық әсерді Treble (Жоғары жиіліктер) және Bass (Басс) мәнін реттеу үшін [🔊] арқылы теңшеуге болады.

Ескертпе

- Музыканы смарт құрылғы динамигі арқылы тыңдағанда дыбыс эквалайзеріне қолдау көрсетілмейді.
- Қосылған динамикке байланысты көрсетілетін дыбыстық әсер басқаша болуы мүмкін.

Параметрлер

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасы арқылы смарт құрылғыда қосылған динамикті орнатуға болады.

Ескертпе

Осы бөлімдегі мазмұнның біразы қолданба нұсқасына байланысты «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасынан өзгеше болуы мүмкін.

Дайындық

1. Желінің динамикпен байланысын тексеріңіз. (5-бет)
2. Динамикті пайдалану үшін «LG Wi-Fi Speaker» қолданбасын жүктеп алып, орнату керек. (3-бет)

Қосылған динамиктің параметрлері

Сіз қосылған динамиктің параметрлерін орната аласыз.

Қосылған динамиктің параметрлерін реттеу үшін [My Speakers] экранында [⚙] пәрменін таңдаңыз.



Ескертпе

Қосылған құрылғыға байланысты кейбір мәзірді көрмеуіңіз мүмкін.

Қосылған динамиктің параметрлер көрінеді.



1 **[Name Change]** – Динамиктің атын өзгертеді.

2 **[Sound Effect]** - Дыбыстық әсер режимін таңдайды.

3 **[Night]** – Түнгі режим функциясын қосады немесе өшіреді.

4 **[DRC]** – Бұл қатты дыбыстердің дыбыс деңгейін азайтады немесе тыныш дыбыстарды күшейтеді. (тек Dolby Digital) DRC функциясын қосады немесе өшіреді.

5 **[Auto Volume On/Off]** – Автоматты дыбыс деңгейі функциясын қосады немесе өшіреді.

6 **[AV SYNC]** – Аудио және бейне синхрондалуын реттейді.

7 **[Woofer level]** – Төмен жиілікті динамик деңгейін реттейді.

8 **[Rear speaker output]** - Артқы динамиктің шығысын таңдау.

9 **[Rear speaker level]** - Артқы динамиктің деңгейін реттеу.

10 **[Overhead speaker volume]** - Үстіңгі динамиктің дыбыс деңгейін реттеу.

11 **[Using the TV remote control]** - Динамиктің кейбір функцияларын теледидардың қашықтан басқару құралы арқылы реттейді.

12 **[Auto Power On/Off]** – Auto Power (Автоматты қуат) функциясын қосады немесе өшіреді.

13 **[Bluetooth standby mode]** – Bluetooth күту режимін қосады немесе өшіреді.

14 **[Bluetooth connection restriction]** – Бұл Bluetooth құрылғысына тек Bluetooth немесе LG TV функциясында қосылуға мүмкіндік береді.

15 **[Sleep timer]** – Орнатылған уақыттан кейін өздігінен өшеді.

16 **[Reset settings]** – Желілік ақпаратты қоспағанда, динамик параметрлерін ысырады.

17 **[Software version information]** – Бағдарламалық құралдың ағымдағы нұсқасы туралы ақпаратты көрсетеді және бағдарламалық құралды соңғы нұсқаға жаңартады.

18 **[IP Info.]** - Динамиктің IP мекенжайын көрсетеді.

19 **[Share usage data]** – Chromecast қолданыс деректерін және ақаулық туралы есепті Google қызметіне жіберу үшін таңдалады.

20 **[Learn about Chromecast built-in Privacy]** – Chromecast құпиялық саясатын көрсетеді.

«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасының параметрлері

Бүйірлік мәзірде [Settings] тармағын таңдаңыз.



«LG Wi-Fi Speaker» қолданбасының параметрлері көрсетіледі.



1	**[Participate in user enhancement]** – Қызмет сапасын жақсарту үшін пайдаланушы журналдарын жіберуге мүмкіндік береді.
2	**[Chromecast]** – Chromecast мәзірін көрсетеді.
3	**[App version information]** – Қолданбаның нұсқасы туралы ақпаратты көрсетеді.
4	**[Terms of Service]** – Қызмет көрсету шарттарын көрсетеді.
5	**[Open source license]** – LGE корпорациясының бастапқы коды ашық бағдарламалық жасақтамасы туралы ескертпесін көрсетеді.

[Chromecast] мәзірі



1	**[Learn how to cast]** - Chromecast құрылғысын пайдалану жолын көрсетеді.
2	**[Cast Groups]** - Таңдалған ақпаратты көрсету үшін [Learn about Cast Groups] немесе [How to cast to a group] пәрменін таңдаңыз.
3	**[Chromecast built-in open legal documents]** - Таңдалған ақпаратты көрсету үшін [Google Terms of Service], [Google Privacy Policy] немесе [Open source license] пәрменін таңдаңыз.
4	**[Time zone]** - Уақыт белдеуін орнатады.

Ескертпе

Cast Group-ты пайдалану үшін [Google Home] қолданбасын орнатыңыз. Қолданбаны Apple «App Store» немесе Google «Play Store» дүкенінен жүктеп алыңыз.

[Time Zone] мәзірі

Automatic Time zone

Бұл желі арқылы орнатылатын уақытты ұсынады.

Set Time Zone

Егер [Automatic Time zone] параметрінен таңдауды жойсаңыз, уақыт белдеуін өзіңіз таңдай аласыз.


LG
Life's Good